

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021
Онлайн-санақтан
өтіңіз!



ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР
ҚОРҒАЛАДЫ

4

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 22 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
933 560

II компонентпен
837 635

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.09.2021

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

24.09.2021

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+19+21 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

AKIMAT LIVE

Алматы қаласының әкімі Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ТҰРҒЫНДАР ДЕНСАУЛЫҒЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ



Шаһар басшысы «Алматы» телеарнасындағы Akimat LIVE бағдарламасының дәстүрлі тікелей эфирінде әдеттегідей алматылықтармен онлайн жүздесті. Бақытжан Сағынтаев алдымен шаһардағы эпидемиологиялық ахуалдың жай-күйіне тоқталды. Сондай-ақ, жылыту маусымына қаланың салалық құрылымдарының толық дайын екендігін мәлімдеді. Тұрғындарды толғандырған бірқатар сауалдарға жауап берді.

2

БРИФИНГ

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР



«Мансап күні», «Jas Stars» креативті іс-шарасы және «Almaty TikTok challenge». Алматыда Креативті индустрия басқармасы осындай онлайн іс-шаралар ұйымдастырады.

Бұл туралы онлайн-брифингте қалалық Креативті индустрия басқармасының басшысы Қайсар Сарыбаев айтты.

Спикер Алматыда «Almaty Creative Industries Forum–2021» бірінші креативті онлайн-

форумы өтетінін, соның аясында Акселерация мен креативті стартаптардың «Creaton» чемпионатын өткізу жоспарланғанын айтты. Күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты шара онлайн түрде өтеді. Сондай-ақ, Креативті индустрия басқармасы алматылықтардың Қала күнімен ерекше құттықтауларына арналған «Almaty TikTok challenge» байқауын бастады.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы COVID-19 пандемиясына қарсы күреске арналған Жаһандық саммитте сөз сөйледі.
- Еліміз бойынша 5 миллионнан астам адам онлайн-санақтан өтті.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еліміз бойынша 28 тарихи нысан қайта жаңғыртылып, «Ботай» және «Сарайшық» мұражай-қорықтары ашылды.
- 2022 жылы архив қызметкерлерінің жалақысы 20 пайызға өседі.
- Алматыда креативті кәсіпкерлерге қаржылай қолдау көрсетіледі.
- Қазақ прозасы мен поэзиясының антологиясы әлемнің 90-нан астам еліне таратылды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



AKIMAT LIVE

(Басы 1-бетте)

Денсаулығыңызды сақтау үшін екпе алғаныңыз жөн

Сөздің әлқиссасын ковид індегі жөніндегі ақпараттармен бастаған шаһар басшысы қазір студенттердің екпе алуы бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп жатқандығына тоқталды. Қалаға өзге өңірлерден келген студенттердің кейбірі өздерінің тұрғылықты жерлерінен бірден екпе алғандар. Олардың паспорты бар. Ал екпе алмаған студенттер арасында қазір екпе егу жұмыстары қызу жүрде.

Тұтастай алғанда бірінші компонент бойынша біз 933 678 адамға екпе салдық. Ал екінші компонент бойынша 827 239 тұрғын екпе алды. Бұл жаман көрсеткіш емес, дегенмен, мен тұрғындарды белсенді түрде екпе алуға шақырамын. Себебі, бізде екінші, үшінші рет ковидпен ауырып жатқандар бар. Онымен қоймай, вирустың жаңа штамы шығып жатыр. Өз денсаулығыңызды сақтау үшін екпе алғаныңыз жөн. Қоғамда не болып жатқанына біз бәріміз бірдей жауаптымыз, – деді Б.Сағынтаев.

Алматы эпидемиологиялық бағалау матрицасында «қызыл аймақта» қалып тұр. 22 қыркүйекте қалада коронавирус инфекциясының 164 289 жағдайы тіркелді, оның ішінде 141 872 наукас симптомды, 22 417 наукас симптомсыз, анықталмаған пневмония – 2346. Инфекциялық стационарларда 5230 төсек-орын бар, оларда 2337 адам емделуде. Оның ішінде 111 бала бар. 100 наукас ауруханаға өте ауыр жағдайда түссе, 993-інің жағдайы ауыр, 1241-і орташа ауырлықта, 3-сүйін жағдайы жеңіл. Реанимация және интенсивті терапия бөлімінде 229 наукас жатыр. ӨЖЖ аппаратында – 43, инвазивті емес ӨЖЖ – 103, High flow аппаратындағылар – 68.

Қала басшысы санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларын сақтау және КВИ бойынша жаппай екпе алу инфекцияның жаңа толқынының алдын алуға көмектесетінін айтты. Екпе алу еліміздің кейбір аймақтарында тіркелген жаңа Ета штампына да тосқауыл болмақ. Өткен тәуліктерде бірінші компонентпен 2417 адам, екінші компонентпен 3906 адам вакцина алды.

Эпидемиологиялық жағдайды қолдан шығарып алмас үшін әрі вирустың таралуын қайта өршітіп алмас үшін саналы түрде екпе алған жөн. Оның үстіне, қыс та қыр астында тұр деген шаһар басшысы мегаполис жылыту маусымына толықтай дайын деді.

Мегаполис жылыту маусымына толықтай дайын

Жылыту маусымына дайындық сол маусым аяқталғанының ермесінде бірден басталады. Өйткені, көптеген іс-шараларды қысқа мерзімнің ішінде жүргізу керек. Оның бәрі алдын ала жоспарланғанды, қажетті қаражат көздері шешіліп, дайындық жұмыстары жазда жүргізіледі. Әрине, бүгінгі күні біз жағдайды күн сайын қарап, бақылап отырымыз. Дайындық жақсы, дер кезінде жасалды. Бірақ норматив бойынша ауа температурасы бес күн бойы +8-ден төмен болса, сонда ғана жылу берілу керек. Бірақ біз былтырғы жылғыдай күн салқындап кетсе, қарап отырмай, бірден жылу береміз. Қазір күн жылы, егер күн қатты суытып кетсе, біз нормативтік талаптар мен 15 қазан деген датаны күтпей, бірден жылу береміз. Оған біздің коммуналдық қызметтер дайын, – деді Бақытжан Әбдірұлы.

Бүгінде жылу желілерін дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде, олардың толық дайындығы ағымдағы жылдың 25 қыркүйегіне дейін жоспарланған.

Бұдан кейін шаһар басшысы тікелей студияға телефон арқылы хабарласқан тұрғындардың қойған сұрақтарына жауап берді.



Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ТҰРҒЫНДАР ДЕНСАУЛЫҒЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

«Үздік аула» байқауы келесі жылы да жалғасады

Сұрақ: – Биыл «Аула аумағын көгалдандыру» бойынша жобаға қатысып, жеңіске жете алмадық. Біз ауламызды қазіргіден де жақсартуды ойластырудамыз. Келесі жылы осы жобаға тағы өтініш берсек дейміз. Жоба жалғаса ма?

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Келесі жылы байқауға тағы қатыссам деген ниеттеріңізге қуанып отырымын. Бұл жоба келесі жылы да сөзсіз жалғасады. Біз биыл бұл байқауға 300 өтініш түсетінін шыны керек, күткен жоқпыз. 5 миллион теңгенің сертификатын жеңімпаз тұрғындарға өз ауласында тапсырған сәтте қатты таңқалдым. Өзімді аулада емес, жайқалып тұрған әдемі ботаникалық бакта тұрғандай сезіндім. Тұрғындар әрбір ағаш пен гүлдерді суаруға заманауи жағдай жасаған. Бұл жобаның аясын кеңейтпекшіміз. Бізге кәсіпкерлерден де өтініш түсуде. Яғни қай дүкен, кеңсе не кафенің алдындағы жасыл алаң әдемі безендірілген, соны бәйгеге салмақ.

Ағаш егуге тұрғындар да қатысады

Естеріңізге сала кетейік, Jasyl Almaty бағдарламасы аясында көктемде 64 594 көшет отырғызылған болатын. Күзде 285 мыңнан астам көшет отырғызу жоспарланған. Ол жұмыстар қазан айында қаланың барлық аудандарында басталады. Оған қазақ терегі, күл, күміс бұлан, Норвегия үйеңкісі, долана, сондай-ақ, алма мен өрік сияқты жеміс ағаштарының көшеттері дайындалған.

Сонымен қатар, «Жасыл аула» акциясы аясында тұрғындарға аулаларын көгалдандыру үшін көшеттер таратылады. Қазан айындағы күзгі ағаш отырғызу шараларына қала тұрғындары да қатыса алады.

«Айнабұлақ» ықшамауданының тұрғыны:

– Қайырлы кеш, Бақытжан Әбдірұлы! «Айнабұлақ-1», «Айнабұлақ-4» ықшамаудандарындағы аялдамаларда не күннен, не жаңбырдан қорғанатын қалқа жоқ. Орындықтар да нашар. Қысқасы, аялдамалар талапқа сай емес. Біз заманға сай жылы әрі ыңғайлы аялдамалар болғанын қалаймыз.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Қала көшелерінде заманауи үлгідегі аялдамалар орнатылғанын өзіңіз де байқап жүрген шығарсыз, әлі де бұл жұмыс жалғасатын болады. Өкінішке орай, биыл қосымша аялдамалар жасауға мүмкіндік болмай тұр. Бұл бағытта бірнеше

рет байқау жарияладық. Бірақ біз ұсынған жобаға салынған қаражатқа металл өнімдерінің қымбаттауымен байланыстырып ешкімнің келіскісі жоқ. Сондықтан бұл өтінішіңізді алдағы уақытта тұрғындардың қалауын ескере отырып, Қалалық мобильділік басқармасы мамандарымен бірлесіп шешетін боламыз.

Сұрақ:

– Саламатсыз ба, әкім мырза! Мақтаев көшесі мен Пушкин көшелерінің қиылысындағы жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамның жұмысы қоғамдық көліктерге арналған бағдаршамдардың жұмысымен сәйкес келмейді. Көк базардың айналасында халық көп жүретіндіктен, бұл жолдардан өту өте қиын болып тұр. Жауапты сала мамандары осы жерді тексеріп, бір ретке келтіріп берсе дейміз.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Ертен Сіз айтқан мекенжайды арнайы мамандар барып тексеретін болады. Егер шынымен жолдан өту қауіпті немесе бағдаршамның жұмысы дұрыс болмаса, онда бұл кемшіліктер түзетіледі.

Сұрақ:

– Төле би көшесінің бойында – Сайранның қасындағы бордюрлерді неге алып жатыр? Оларды керісінше алып тастап, көшелерді кеңейтуге болмай ма?

Алматы қалалық Мобильділік басқармасының басшысы Гани МЫРЗАХАНОВ:

– Сайранның қасында, яғни Төле би көшесінің бойында орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Бұл жұмыстар барлық жолдағы 6 жолақты қозғалыс бағытын, оның ішінде 2 қоғамдық көлікке арналған жолақтарды сақтай отырып жүргізіліп жатыр. Барлық жұмыстар Алматы қаласы Полиция басқармасы әкімшілігінің келісімімен жүзеге асуда.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Бұрынырақ жаяу жүргіншілер рельстерді басып өтіп жолдың арғы бетіне өтіп кете беретін. Бордюрлер жолдағы қауіпсіздікті сақтау үшін керек. Қазір көшеде құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Жұмыс біткенде барлығы түсінікті болады.

Сұрақ: – Бақытжан Әбдірұлы, мен бірінші топ мүгедегімін. Менің анам «Ақсай-1» ықшамауданында көпқабатты үйде тұрады. Олар тұрып жатқан үйге жөндеу жұмыстары мүлдем жасалмаған. Үлкен кісілерге, аяғы ауыр әйелдер-

ге жеделсатымен түсіп-шығу қиынға соғуда. Тіпті, кейде тоқтап қалады. Егер жарық болмаса дұрыс жұмыс істемей тұрып қаламыз. Осы мәселе бойынша Әуезов ауданының әкімдігіне, ПИК-ке шағымдандым. Алайда, ешқандай жауап жоқ. Осы мәселені біржақты етіп шешіп берсеңіз.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Тұрғын үй шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы аясында биыл қаламызда 300-ге жуық жеделсаты жаңартылған. Бұл мәселенің әлі күнге дейін нәтижесіз шешілмей келе жатқанын жауапты адамдардың өздерінен сұрап көрейік.

Әуезов ауданының әкімі Сайран САЙФЕДЕНОВ:

– Алматы қаласының тұрғын үй қорында шамамен, 3700 жеделсаты бар. Соның ішінде 1500-ден астамы ауыстыруды қажет етеді. Тұрғын үйді жаңғырту бойынша биыл қалада 266 жеделсаты жаңасына ауыстырылады. Ол өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Келесі жылы айтылған жеделсаты да жаңартылатын болады. Бұл мәселені алдағы уақытта өзім қадағалап, шешуге атсалысатын боламын.

Сұрақ:

– Мен су мәселесі бойынша хабарласып тұрмын. Біз «Тастыбұлақ» ықшамауданында Ермек көшесінде тұрамыз. Біздің үйіміз, сондай-ақ, 6-үй су құбырына, кәріз жүйесіне қосылмай қалған. Күнделікті өмірге қажетті суды тасып ішу, кәріз жүйесі болмауы тұрмысымызға қиындық тудыруда. Айналамыздағы үйлердің барлығы дерлік сумен қамтылып, бізді ғана тастап кеткені түсініксіздеу болып тұр.

Алматы қалалық Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының басшысы Евгений ПАК:

– Былтырғы жылы «Тастыбұлақ» шағынауданының төмен бөлігінде, 32,6 шақырым сумен жабдықтау және 10,4 шақырым су бұру желілерінің құрылысы аяқталды. Жаңа желілермен 4,5 мың тұрғын қамтылған болатын. Алайда, жаңа желілерге ауданның барлық көшелері қамтылмай қалған. Қазіргі уақытта қандай көшелерге су құбыры тартылмай қалғандығы анықталуда. Оның ішінде 40 шақты үй сумен қамтамасыз етілмей қалған. Бұл мәселені шешу үшін әкімдіктен жеткілікті деңгейде қаржы бөлінді. Енді осы жұмыстарға арнайы конкурс өткізілуде. Сол себептен, жақын арада бұл мәселе де өз шешімін табатын болады.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Осы ретте тағы бір айта кетерлігі, 5-6-үйлердің су, жол, жарық секілді қажеттілікке ілікпей қалғанын байқадым. Алдағы уақытта мұндай жағдайлар қайталанбас үшін тұрғындар, жауапты адамдар қырағылық танытуы қажет.

Сұрақ:

– Мен Алатау ауданындағы «Алғабас» ықшамауданының Беласар көшесінің тұрғынымын. Былтыр көшемізді су кіргіземіз, кәріз жүйесін орнатамыз деп қазап тастаған. Биыл да көшемізді қазып тастады. Енді менің сұрағым келіп тұрғаны, қашан көшеміз жөнделеді? Себебі, жол жүруіміз, көлік қозғалысы қиындап кетті.

Алатау ауданының әкімі Азамат Бескемпірұлы:

– «Шетсіз қала» жобасы аясында қазіргі уақытта Беласар көшесінде су құбырларын кіргізудің 1-ші бөлігі жүріп жатыр. Биылғы жылы бәрін асфальтпен жауып өтеміз деп айта алмаймыз. Себебі, бұл жоспарымызда да жоқ. Ал басқа Кенжекей, Алдияр көшелері аяқталуға шақ қалды. «Алғабас» ықшамауданының 10 көшесінде құрылыс жұмыстары қазіргі таңда қарқынды жүріп жатыр. Жұмыстың 80 пайызы аяқталған. Десе де, алда әлі екінші кезеңі бар.

Сұрақ:

– Бабаев пен Тәжібаев көшесінің қиылысында жаңбыр жауса жүріп өту мүмкін емес. Оның басты себебі осы қиылыста орналасқан үйдің иесі есігінің алдына су ақпас үшін 3-4 жыл бұрын іргесін көтеріп тастаған. Осылайша қыс мезгілінде тайғанақ болып жол жүруіміз қиындады.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Сұрағыңызға рахмет, бұл мәселені ертең барып шешетін боламыз. Әрине, мұндай жағдайда халықтың пайдасын ойластыратын боламыз.

Сұрақ:

– №10 ықшамауданындағы мектептің қасында ескі балабақша бар. Міне, сол балабақшаның айналасы қоқысқа толып, қаңғы-бас иттер қаптап жүреді. Ешкім қарамайды. Дәл осы маңда өздеріңіз жасап берген әдемі саябақ бар. Бірақ мынадай сұрықсыз көрініс саябақтың сәнін кетіріп тұр. Не істеуге болады?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Сіз ескі, екі қабатты балабақша жайында айтып отырсыз ғой. Мен бұл балабақша туралы білемін. Біз қазір бір банкпен келісімшарт жасап жатырмыз. Алдағы уақытта бұл жерді сатып аламыз да, орнына қайтадан балабақша салатын боламыз.

ТҮЙІН:

Эфир барысында шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қала тұрғындарының сауалдарына егжей-тегжейлі жауап берді. Көтерілген мәселелердің ешқайсысы жауапсыз қалмады. Тіпті, бірқатар сауалдарға байланысты мәселелер аудан әкімдері мен сала басшыларының эфирге қосылуымен сол мезетте шешіліп отырды.

Әзірлегендер
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Әсел ДАҒЖАН,
Ақтоқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ӘКІМ

«Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір» Барлық бағдарлар тұрақты бақылауда



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қалалық филиалының төрағасы, қала әкімі Бақытжан Сағынтаев «Nur Otan» партиясының Жол картасын іске асыру мәселелері бойынша Саяси кеңес бюросының кеңейтілген отырысын өткізді.

«Nur Otan» партиясының Алматы қаласындағы «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы аясында әлеуметтік, инженерлік және автомобиль көлігі инфрақұрылымы бойынша бірқатар жобалар іске асуда. Мысалы, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, креативті индустриялар мен әлеуметтік даму салаларында 65 тармақ орындалуда.

Жүргізілген жұмыс аясында қазірдің өзінде 72 жекеменшік балабақша ашылды

(жоспар бойынша – 65 балабақша), 3920 студент ТЖКБ бойынша дуальды оқумен қамтылды, №186, 187 мектептер аумағындағы балабақшалардың және тоғыз мектептің жанындағы (№6, 121, 133, 170, 199, 144, 38, 166, 60) қосымша корпусардың құрылыстары, сондай-ақ, 4 мектепте (№40, 81, 54, 45) сейсмикалық нығайту және жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, №42 және №181 мектептердегі дене шынықтыру-спорт аймақтары жаңартылды. Қаланың ауалары, саябақтары мен алаңдарына 97 Workout спорт құрылғылары орнатылды. Жалпы, балалардың спортпен 1267 секцияда тегін айналысуларының мүмкіндіктері кеңейтілді. Сондай-ақ, медициналық мекемелер үшін жаңа нысандар, оның ішінде отбасылық-дәрігерлік амбулаториялар салу жобаларын іске асырудың барысы қаралды. Бүгінде №6 емхана мен ауданаралық туберкулезге қарсы диспансерді сейсмикалық нығайту және жөндеу жұмыстары аяқталды.

Жол инфрақұрылымын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасуда. Мысалы, Наурызбай ауданында Алатау көшесінің Сәбденов көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі 2 шақырымдық учаскесі ашылды. Төрт жолақты жол Наурызбай ауданының әкімшілік орталығын қаланың негізгі магистралімен байланыстырды. Жыл соңына дейін метроның екі бекетінің техникалық іске қосылуы жоспарлануда.

Отырыс барысында өзекті мәселелер қаралды. Оларды шешу үшін Б.Сағынтаев қала әкімінің орынбасарлары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырмалар берді. Кеңесті қорытындылаған «Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев қалалықтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін Жол картасын іске асыру арқылы алға қойылған міндеттердің уақытылы орындалуына бақылауды күшейтуді тапсырды.


Шешімін табу міндетті



Динара
МҰРАТ

«Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы, қала әкімі Бақытжан Сағынтаев азаматтарды қабылдау өткізіп, түрлі мәселелермен жүгінген қалалықтардың мәселелерін шешуді тапсырды.

Қала тұрғындары көбінесе абаттандыру, жол инфрақұрылымын дамыту және ауаларды жөндеу мәселелерін көтерген. Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша Бостандық ауданындағы ауланың сыртқы жарығының мәселесі шешіледі. Келесі жылға ойын ала-



ның жасау, әрі күрделі жөндеу жұмыстары қарастырылған.

Сондай-ақ, Наурызбай ауданындағы жекеменшік білім беру мекемесін электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету және Медеу ауданында жолдарды жөндеу мәселесі шешілетін болады.

Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша

арбада отырған мүгедек спортшылар Таразда өтетін бодибилдингтен ұлттық чемпионатқа қатыса алады.

Алматы метрополитенінің ардагері О.Смағұловтың метроның іске қосылуының 10 жылдығы құрметіне мұражай ашу жөніндегі ұсынысы да қала басшысынан қолдау тапты.

БРИФИНГ

Креативті индустрияның болашағы зор



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Спикер басқарманың басты міндеті тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын жақсарту екенін ерекше атап өтті.

«Экономикалық әсерден басқа креативті индустриялар маңызды мәдени және әлеуметтік құндылықтарды шығарады. Дәл осы жерде жалпы қоғамның дамуына әсер ететін дүниелер, материалдық құндылықтар мен тенденциялар туады», – деді спикер. Алдағы уақытта «Мансап күні» және «Jas Stars» сияқты шығармашылық іс-шараларды онлайн форматта өткізу жоспарлануда.

Қала күнінде іске қосылған жаңа жобаның бірі – «Креативті квартал». Ол Алматыда көпфункционалды мәдени және іскерлік кеңістікке айналмақшы.

«Бұл креативті және шығармашыл кәсіпкерлердің бизнес-идеяларын жүзеге асыруға жағдай жасайтын бірегей жоба. Өнер галереялары, сән бюролары, қолөнершілердің базарлары үшін резиденцияларды ұйымдастыру, шеберлік сабақтарын өткізу орындары, шығармашылық индустриялар мен басқа да шығармашылық кеңістіктердің өнімдері мен қызметтерін жарнамалау бойынша іс-шаралар ұйымдастыру жоспарлануда», – деді басқарма басшысы.

Бұл жерде, сондай-ақ, Креативті кәсіпкерлікті қолдау орталығы мен басқа да қызметтер орналастырылады. Ал «Almaty Creative Class» онлайн білім беру платформасының іске қосылуы шығармашылық адамдарға өз таланты бойынша ақша табуды үйренуге, жаңа бағыттар мен аралас мамандықтарды ашуға мүмкіндік береді.

Басқарма басшысы осындай бірқатар жобаларды еске салды. Мәселен, Алматыда креативті стратегияны іске асыру аясында 2020 жылдың желтоқсанында Алатау ауданында Alatau Creative Hub ашылды. Оған коворкинг алаңы, балаларға арналған 25 тегін шығармашылық үйірме, шеберхана

(Соңы. Басы 1-бетте)



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ Өңірлік коммуникациялар қызметі
РЕГИОНАЛЬНАЯ СЛУЖБА КОММУНИКАЦИЙ ГОРОДА АЛМАТЫ
REGIONAL COMMUNICATION SERVICE OF ALMATY CITY

алаңы кіреді. Жыл басынан бері келушілердің жалпы саны 100 мыңнан астам адамға жетті. Музыка өнеріне баса назар аударатын жастардың Medeu Creative Hub орталығын ашу жоспарлануда. DEPO Evolution Park құрылысы жалғасуда, яғни креативті индустриялардың жобаларын іске асыру үшін алаң құрылады.

Брифинг кезінде креативті кәсіпкерлерге қаржылай қолдау көрсетілетіні белгілі болды. Бүгінде мегаполис экономикасы дамуының драйвері шикізат өнеркәсібінен креативті секторға ауысуда. Креативті индустрияны дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасы әзірленіп, креативті салаға арналған ЭҚЖК-лар анықталды. Бүгінде креативті кәсіпкерлерге «Almaty

Finance» және «Алматы МҚУ» арқылы, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қаржылық қолдау көрсетіледі. Креативті индустрияның заманауи инфрақұрылымын қалыптастыру үшін басқарма «Depo Evolution Park» құруда және бұрынғы тергеу изоляторының базасында Креативті индустрия паркінің жобасын әзірлеуде.

«Біздің ведомство кәсіпкерлер дайындауды және қолдауды жалғастырады. Бұл креативті адамдар мен командаларға өздерін экономикада тез және тиімді көрсетуге мүмкіндік береді», – деді Қ.Сарыбаев.

Сөз соңында ол Алматыдағы креативті индустриялар қаланың туристік тартымдылығын арттыратынын айтты.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Қаланың Әлеуметтік қызметтер үйі «бір терезе» қағидаты бойынша

750-ден астам мемлекеттік қызмет көрсетеді.



Мегаполисте «Сергек» камераларының санын

5 мыңнан астам камераға дейін көбейту жоспарланған.



Шаһарда жыл басынан бері

72 жекеменшік балабақша жұмыс істеп жатыр.



2022 жылға дейін

қаланың барлық аумағы орталықтандырылған су жүйесімен қамтамасыз етіледі.



Алматыда 2021 жылдың соңына дейін

34 бағдаршам орнатылады.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Акерке ТӘЖІБАЕВА,
қобызшы:



– Тәуелсіздік – еліміздің жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі. 30 жыл ішінде елдің әлауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісіне қыруар жұмыстар жасалды. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тұғыры биік Тәуелсіздіктің арқасында менің ең бақытты кездерім, бал күндерім қасиетті Түркістан қаласында өтті. Өнер – құдіретті күш. Менің бойымнан табылған осынау бір құдіретті күш бала кезімнен өнер әлеміне жетеледі. Сол арманым мені жетелеп 5 жасымда «Әнші балапан» сайысына қатыстырса, 8 жасымда Ахмет Жұбанов атындағы республикалық музыка мектебіне оқуға түсуіме ықпал етті.

Өнерге деген құштарлығым қазақ халқының ең көне аспаптарының бірі болып табылатын, ерекше пішінді және ғажайып сазды, қоңыр, қою дыбысты аспапты жан-тәніммен сүйеге әсерін тигізді. Ол, әрине, қобыз болатын. Қорқыттың қобызын өзіме серік етіп, өнер жолына қадам бастым.

Азамат ЖАПАР,
кәсіпкер:



– Тәуелсіздіктің мәні – еркіндікте. Адам өзінің туған тілін, дінін, салт-дәстүрін ұстануда еркін болуы керек. Ондай мүмкіндікке ұлт тәуелсіз болса ғана жете алады. 30 жылдық егемендіктің шежіресінде тілімізді де, дінімізді де, салт-дәстүрімізді де түгендедік. Ендігі жерде экономика арқылы әлеуметтік мәселені мықтап шешіп алу ғана қалып тұр. Ол үшін жеке бизнесті дамыту керек. Тәуелсіздіктің арқасында оған да, яғни емін-еркін кәсіп ашып, соны дөңгелетуге мүмкіндік алдық. Мысалы, Шымкентте Кәсіпкерлерге арналған үкімет деп аталатын орталық бар. Барсаң болды, мамандар қай жағынан болсын көмектесіп жіберуге әзір. Құжаттарыңды түгендеп, бизнес-жоспарыңды жасап береді, банкпен арада сөйлесіп, несие алуға келістіріп беруге де дайын. Тек өзінде қалау болу керек және кәсіпке салатын алғашқы жарнаң болса жеткілікті. Алғашқы жарна демекші, қазір мықты бизнес идеяң болса, бизнеске үйрететін арнайы курстардан өтіп, тегін грант ұтып алуыңа да болады. Қысқасы, бизнеске қызыққан адамға ешкім де, ешнәрсе де тосқауыл емес. Себебі, оларға мемлекеттің өзі қамқоршы болып отыр. Егер жобаңыз Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енсе, арзан пайызбен қолдау да табасыз. 2011–2019 жылдары 182 млрд. теңгеге 105 жоба іске асырылыпты. 2025 жылға 35 жобаны жүзеге асыру жоспарда бар.

Сол 105 жобаның жүзеге асырылуының арқасында Шымкентте мақтадан жіп иіру, шұлық тоқу, қағаз шығару, құрылыс материалдарын өндіру, тағы да басқа көптеген фабрикалар іске қосылды. Сол үшін де мемлекеттің халыққа жасап отырған осындай қамқорлығын ерекше бағалаймын.

Сұхбаттасқан
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

БІЛІМ

БҮГІНГІ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ

1 қазан күні «Digital Ustaz Almaty» қатысушылары арасында екінші турға өтетін 100 үздік педагог іріктеледі



Рая
ЕСКЕНДІР

Тамыз айының соңында басталған «Digital Ustaz Almaty» атты педагогтер арасындағы жыл сайынғы қалалық конкурстың аясында Байқау кеңесінің мүшелеріне конкурсты одан әрі ілгерілету бойынша ағымдағы нәтижелер мен жоспарлар таныстырылды.

Отырыс барысында қала әкімі Бакытжан Сағынтаев әсіресе, пандемия кезінде білім берудің жаңа стандарттарға көшуінің маңыздылығын атап өтті. «Әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда цифрлық білім беру саласында педагогтердің тек 50%-ы базалық компьютерлік сауаттылықты пайдаланады. Ал мұғалімдердің тек 13%-ы цифрлық құзыретке ие. Сондықтан оқу процесін заманауи, қолжетімді және ең бастысы, балаларға түсінікті ету үшін республиканың барлық мектептерінде білім беруді трансформациялауға жол салатын алғашқы «Digital Ustaz Almaty» қалалық конкурсы ұйымдастырылған», – деді ол.

Жобаның бірлескен ұйымдастырушысы, «EdCrunchAcademy» заманауи білім беруді дамыту институтының өкілі Нұрлан Қиясов жүргізілген зерттеулерге сәйкес, мұғалімдердің көпшілігі оқытудың ескірген әдістерін қолданатынын растады. «Біздің қашықтықтан білім беру әдісіміз – тұтынушыға мазмұнды «жедел жеткізу»



жүйесі болып табылады. Оған қоса, осы күнге дейін тек Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінде де оқу мен ақпараттың қолжетімділігінің теңсіздігі бар. Конкурс цифрлық білім беру саласында білім бере отырып, барлық мұғалімдерді біріктіруге бағытталған. Нәтижесінде қала әр бала үшін жаңа ынталандырушы орта мен мұғалімдерге арналған 100 жаңа әдістемеге ие болады», – деп атап өтті сарапшы.

Жобаның идеясын Кеңестің тең төрағасы, «Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры» ҚҚ директоры Динара Қулибаева да қолдап, Digital Ustaz Almaty конкурсын өткізу бастамасы Алматы қаласының мұғалімдері үшін жақсы ынта-

ландыру болатынын атап өтті.

Естеріңізге сала кетейік, бүгінгі таңда тіркелген бір жарым мыңнан астам мектеп педагог «Digital Ustaz Almaty» бірінші қалалық конкурсының аясында халықаралық сарапшылардан білім алуда. Мектепте оқыту процесі барысында цифрлық технологияларды қолдануды танымал етуге бағытталған конкурс 3 кезеңде өтеді, оның барысында қатысуға өтінім берген 1–12-сынып мұғалімдері сала мамандарының вебинарларын тыңдап, өз материалдарын, сабақтары мен шеберлік сыныптарын пысықтап, әлемнің үздік сарапшыларынан оқудан өтулері қажет.

«Digital Ustaz Almaty»

шенберінде педагогтер SMM және блогинг, цифрлық қауіпсіздік негіздерін, инфографиканы құруды үйренеді. Контент-жоспарлар құру және медиа материалдармен жұмыс істеуден басқа мұғалімдерге ыңғайлы қосымшалар мен қызметтер ұсынылады, ал оң тәжірибесі бар әріптестер кеңестерімен вебинарларда бөліседі.

Конкурсқа өтінімдерді қабылдаудың аяқталуына екі аптадан аз уақыт қалды. 1 қазан күні «Digital Ustaz Almaty» қатысушылары арасында екінші турға өтетін 100 үздік педагог іріктеледі, онда цифрлық құралдарды пайдалана отырып сабақ әзірленетін болады. Ал қараша айында финалға Финляндияға тағылымдамаға бару үшін күресетін 30 мұғалім жіберіледі.

Жоба Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен, Алматы қаласы әкімдігінің, «Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры» ҚҚ, «EdCrunchAcademy» заманауи білім беру институтының ұйымдастыруымен өткізілген. Бас серіктес «Алматы кітап баспасы» болды.

Байқау кеңесінің құрамына Алматы қаласы әкімдігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, сондай-ақ, еңбек сіңірген педагогтер мен білім беру мекемелерінің өкілдері кірді.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР ҚОРҒАЛАДЫ

Халық санағы тез әрі сапалы өтсе, онда өзекті мәселелердің шұғыл шешілетінін түсінуіміз керек



Әсел
ДАҒЖАН

Халық санағы нәтижелері бойынша елде халықтың пандемиядан қалай өтіп жатқанын, 10 жылдан кейінгі өмір салты қалай өзгергенін білуге болады.

Бұл пікірді Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Айгүл Қалыкова айтты. Ол халық санағы, ең алдымен, ел тұрғындарының жасы, жынысы, ұлты, білімі бойынша нақты сандық және сапалық құрамды білу үшін қажет деген пікірде.

«Біз өмір сүру жағдайын, жұмыспен қамту деңгейі мен құрылымын біле аламыз, бірақ бұған жету үшін әрбір тұрғынға жетуіміз керек және барлық адамдар санаққа қатысуы керек. Санақтың ұраны – «Қазақстанда әр адам маңызды!», – деді А.Қалыкова.

Санақ нәтижелері көптеген мәселелерді шешуге және мемлекетке жоспар құруға көмектеседі. Сонымен қатар, санақ Алматы үшін мегаполис ретінде өте маңызды. Жасыра-



тыны жок, қалада тұратындардың көпшілігінде ресми тіркеу жок.

«Бұл жағдай дәстүрлі түрде еңбек мигранттары мен олардың отбасыларын қызықтыратын орын болып табылатын барлық ірі қалаларда дамып келеді. Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік салаға үлкен жүктеме бар. Мектеп, балабақша және басқа да әлеуметтік нысандар

жеткіліксіз. Ал халықтың қажеттілігі туралы нақты деректер болмаса, қалай есептеуге болады? Біз барлығымыз балаларымыз бен немерелеріміздің заманауи балабақшаға, екі-үш емес, бір ауысымда білім алатын мектепке бару мүмкіндігін, сапалы медициналық қызмет алғымыз келеді. Мемлекет тұрғындарды есепке алмай, белгілі бір елдімекенде тұратын адамдардың

нақты санын білмей, өз халқына осыны қамтамасыз етуі мүмкін емес», – деді А.Қалыкова.

Санақ деректері мәліметтер базасында көрсетілмеген, құжаттары жоқ азаматтарды санауға көмектеседі. Бұлар мемлекеттен көмек алмайды.

Сөзін қорытындылаған Алматының аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары қала тұрғындарын санақ кезінде белсенділік танытуға және жеке мәліметтерге алаңдамауға шақырды, өйткені, заң олардың қорғалуына тиісті кепілдік береді.

«Біз барлығымыз халық санағы тез әрі сапалы өтсе, онда өзекті мәселелердің шұғыл шешілетінін түсінуіміз керек. Өйткені, кез келген мәселені шешудің алғашқы қадамы – оның нақты тұжырымы», – деді Айгүл Қалыкова.

Естеріңізге сала кетейік, халық санағы қазір <https://sanaq.gov.kz/> сайтында онлайн жүріп жатыр. Барлық сұраққа жауап беруге ары кетсе 20–25 минут уақытыңыз кетеді. Есіңізде болсын, сіздің әр жауапқа шынайы жауап беруіңіз өте маңызды.



ЖЕТІСУ АУДАНЫ

САПАСЫЗ ЖҰМЫСТЫҢ САЛДАРЫ

Бүгінде қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасымен жол жөндеу жұмыстарының барынша қарқын алып, жолдардың жағдайы түзеліп қалғанын көзіміз көріп жүр. Бірақ қала көшелерінің кейбірінде бұл жұмыстар неге қайталана береді? Мәселен, **Күдерин көшесін 2021 жылдың көктемінде толықтай сүріп тастап, асфальт төсегені** есімізде. Енді, міне, дәл сол жолдың беткі асфальтын аршып тастап, қайта төсегелі жатыр? Бұған не себеп? Көктемде жөнделген жол неге күзде қайта жөнделуі керек?

Әлеуметтік желі қолданушылардың бірі, алматылық Қуаныш Мұңайтбасов жолдаған сауалды шаһардағы көлік жүргізушілердің барлығы қоятыны анық. Бұл сауалға Алматы қалалық мобильділік басқармасының қызметкерлері былай деп жауап беріп отыр: «Райымбек даңғылынан Рысқұлов даңғылына дейін Күдерин көшесінде жол жабынына орташа жөндеу жүргізілгені рас. Қалалық мобильділік басқармасы мамандарымен тексеру барысында жол жамылғысындағы битумның тегіс құйылмағаны, жолдарда көлік дөңгелегінің ізіндей шұңқырлар бары анықталған. Осыған байланысты анықталған ақауларды жоюға мердігерлік ұйымға өз қаражаты есебінен қайта жасап шығуға тапсырма берілген. Енді олар жолдың жүру бөлігінің барлығын қайта ретке келтіретін болады».

Дәл осыған ұқсас сауалды Ольга Иванова да жолдаған. «Жетісу ауданындағы Грибоедов көшесінің 2/3 бөлігіне өткен жылы жазда асфальт төсеген. Бірақ сол жолымыз бітпеген күйі әлі жатыр. Тіпті, асфальт төселмей қалған жерлерге шөп өсіп кетті. Аяқталмаған жұмыс салдарынан туындаған қолайсыздық жайында ешкім ойлап жатқан жоқ», – дейді тұрғын.

Жалпы, көшеде ойдым-ойдым шұңқырлар пайда болып, көлік қозғалысын қиындатқан кезде немесе жылу құбырларын ауыстырған уақытта жол жөндеу жұмыстары жүргізілетінін білеміз. Тіпті, бұл жұмыстарды тендерден теңге ұтқан құрылыс компанияларының қолға алатынынан да хабардармыз. Алайда, жыл өтпей жатып-ақ, жөнделген жолды қайта сүрудің не қажеті бар? Бұл техникалық бақылаудың әлсіздігінен бе, әлде «бармақ басты, көз қыстынын» кері ме? Сапасыз атқарылған жұмыстың салдарынан бір істі бірнеше рет орындаудан кім не ұтады?

Несін жасырайық, осы тақылеттес сауалдар кез келгеннің көңіліне күдік ұялатып, «мұндай сапасыз жұмыстардың артында жең ұшынан жалғасқан жемқорлық жатқан жоқ па?» деген ойды маздатады.

АЛАТАУ АУДАНЫ



СЫРҒЫТПА ЖАУАПТАН ШАРШАДЫҚ

Газетіміздің 26 тамыздағы санында «Тасаға тығылған жол белгі» атты шағын мақала жарық көрген болатын. Онда «Көкжиек» шағынауданындағы орталық көшеде бір бағытта жүруге арналған ескерту белгісінің ағаштың қалқасында тұрғаны, әлгі тақтаны біреу арнайы барып ашып көрмесе, еш адам баласы байқамауы мүмкін екені жазылған. Бұл жайында әлеуметтік желідегі парақшамызда С.Серікбайұлы есімді азамат та ойын білдіріп, өтініш қалдырған болатын.

Пікірге қатысты Жетісу ауданының

көріктендіру бөлімі «30 тамызға дейін ағаштарды санитарлық кесу жұмыстары орындалады» деп жауап берген еді. «Орындалмайтын іске уәде беріп не керек, әлгі тақта ағаштың қалқасына жасырынып әлі тұр. Міне, тамыз емес, қыркүйек аяқталып қалды. Әкімдіктің уәде бергеніне 1,5 айдан асты. Сырғытпа жауаптан әбден шаршадық. Осы күнге дейін бір қорытынды шығаратын уақыт болды ғой. Халықтың сөзін еститін, тыңдайтын үкімет қалыптастырғанмыз қане...», – дейді тұрғындар.

МЕДЕУ АУДАНЫ

ДЕМАЛЫС ОРНЫ НЕГЕ ҚҰЛЫПТАУЛЫ?

«Тереңкүр» аймағы қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасымен қайта жаңғыртылып, ұзындығы 9 шақырымдай аумаққа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Бүгінде бұл аймақ алматылықтардың таптырмас демалыс орнына айналған. «Расында да «Тереңкүр» адам танымастай өзгерді. Бұрын екі адам қатар әрең өтетін жолдар кеңейіп, мүмкіндігі шектеулі жандардың кедергісіз жүріп-тұруына жағдай жасалды. Алайда, мұнда қарапайым тұрғындар демалуға рұқсат етілмейтін жерлер бар. Мәселен, «Тереңкүрдағы» мына беседка үнемі құлыптаулы тұрады. Себебін білмейміз...», – деген қала тұрғыны Әмір Тұрғынбаевтың сауалына Медеу ауданы әкімдігінің қызметкерлері «бұл жер жекеменшіктің иелігінде» деп қысқа жауап қайырып отыр. Ал жұрт «Сән үшін тұр», «мемлекеттің жері неге сатылады?», «жаз бойы ашық тұрып еді...», «барлығы біздер үшін емес пе?» деген пікірлерімен бөлісті. Тіпті, әлеуметтік желі қолданушылары бірі «осы маңға жақын мейрамханалардың бірінде күзетші болып жұмыс істейтін адам бұл жердің қожайыны мейрамхананың иесі екенін айтқан» деді.

«Тереңкүр» жүргіншілер аймағы қайта түрленгелі бері мұнда демалуға біз де жиі барамыз. Көп ұзай қойған жоқ, біз өткен жұмада ғана сол жақта серуендеп қайттық. Мені бұл беседка емес, сол аймақтың тазалығы алаңдатады. Орындықтар сынған, ағаштар қураған, бұталар сынған... Теннис үстелін тат басып кетіпті. Соған қарағанда, мұнда жөндеу жүргізілгеннен кейін ешқандай тазалық жұмыстары жүргізілмеген. Әдемі жерде естелікке суретке түсейік деп едік, айналаң шашылып жатқан соң түсе алмадық. Өкінішті...

ҚАЛАЛЫҚ МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



ИЕҢ ҚАЙДА, САМОКАТ?

– Кейінгі кездері тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарының қалқасында иесіз тұрған электрлі самокаттарды жиі көретін болдық. Құжатты қажет етпейтін альтернативті транспорт түрлеріне көбінесе жастар құмар. Бірақ сол көлікті пайдаланған адам неге оны кез келген жерге тастап кете береді? Діттеген жеріне жеткен соң жолдың шетіне, өзгелерге кедергі келтірмейтіндей етіп қалдыруға болмай ма? Осыны түсіне алар емеспін? – дейді алматылық Арай Қасымбаева. Алматылықтардың бұл сауал төңірегіндегі пікірлері әрқилы.

Қуаныш ЖАППАРХАНҚЫЗЫ:

– Бәлкім, сағаттап тұратын кептелістен шаршағандықтан ба, алматылықтардың біразы темір тұлпарларын жеңіл транспорт түрлеріне ауыстыра бастады. Қазір қалада велосипед, самокат, бірдөңгелекті скрутер секілді транспорт түрлерін пайдаланатындар көбейді. Әсіресе, самокат мінетіндер көп. Жаксы, ұнаса жүре берсін ғой, бірақ қос дөңгелекті көлікті жол шетіне қарай қоюды үйренсе екен.

Сержан БАУЫРЖАНҰЛЫ:

– Әу баста олар негізгі көлік жолдары мен веложолмен жүретін болған. Бірақ биылдан бастап ешқандай лицензиясыз жүріп-тұратын транспорт иелеріне автомобиль жолымен жүруге тыйым салынды. Өзім асыққан кезде пайдаланам, өте ыңғайлы.

Маржан ШӨКЕТАЕВА:

– Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, электрлі самокат жол қозғалысына арналған техникалық құрал болып табылмайды. Яғни жол қозғалысы ту-

ралы заң бойынша самокат сияқты көлік құралы жоқ. Бүгінгі күні электрлі самокаттарға жолдар мен трассаларда жүруге үзілді-кесілді тыйым салынған. Қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, қалада жалға берілетін самокаттардың саны бүгінде 2 мыңға жетеді. Басқарма өкілдері алдағы 10 жылда баламалы транспорт үшін бар жағдай жасалады деп отыр. Бірақ ол қашан жүзеге асатыны беймәлім. Сондықтан өзгелерге кедергі келтірмеудің жолын ойластырған жөн. Жаяу жүргіншілер жолымен негізінен қарттар, қарапайым тұрғындар және мүмкіндігі шектеулі жандар көп жүреді.

Рүстем ЕРЖАНҰЛЫ:

– Қалта түбін қақпайтын, кептелістің қақпанына түсірмейтін, қомағайланып жанармай сұрамайтын электрлі самокат өзіме ұнайды. Жиі пайдаланамын. Көптің сауалы да орынды. Өзім көрсем де айтамын, сіздер де ескерте жүріңіздер. Көп болып қолға алсақ, бұл кемшілікті де түзететініміз анық. Самокат қолданушыларды жол шетіне қарай қоюға шақырамын.

P.S.:

Қанша адам болса, сонша пікір бар. Расында да, жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмеу үшін Қалалық мобильділік басқармасының өкілдері самокатты жалға беретін компанияларға талап қоюы керек секілді. Яғни самокатты ешкімге кедергі келтірмейтіндей етіп пайдалануды міндеттейтін бір шара қолданған жөн. Ал әзірге біздің қолымыздан келетіні, құжатсыз көлікті тізгіндегендерге самокатты жол шетіне қоюды өтіну ғана. Еститін құлақ болса, бұл өтініш те жүзеге асар...

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҚР Ұлттық кітапханасында бүлдіршіндерге арналған қосымшасымен танылған «OrdaGen» әлеуметтік-танымдық жобасының Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнаған «Orda ертегілері» кітабының тұсау-кесері өтті.

Іс-шараға «OrdaGen» жобасының негізін қалаушы, идея авторы Айбек Қуатбай, жоба директоры Парасат Тәнен, Алматы қалалық Мәдениет және Білім басқармаларының басшылары, ертегі авторлары мен балалар әдебиетінің жанашырлары қатысты.

Бүгінге дейін аталмыш жоба аясында 1000-ға жуық заманауи ертегілер жазылып, әр ертегінің аудионұсқасы дайындалды. Үш түрлі тақырыпта қысқаметрлі мультфильм түсіріліп, «OrdaGen» ұялы қосымшасы бүлдіршіндерге тегін пайдалануға берілген. Пандемия кезінде онсыз да гаджеттер мен компьютерге телмірген балалардың көңілін аулау үшін ата-аналар бар ертегілерді кітап етіп шығаруды өтінген екен. Міне, жоба жетекшілері егемендігіміздің отыз жылдығына орай «отызда орда бұзар емес, құрар» ұрпаққа арналған кітапты шығарып, 10000 данасын таратып үлгерген.

«Бәріміз «отызда орда бұз, қырықта қамал ал» деген мақалды жиі естігенбіз. Біз ол мақалды керісінше қазіргі бейбітшілік заманына сай өзгертіп отырмыз: отызында орда құр, қырықанда қа-

Келесі сөз кезегін алған Парасат Тәнен жобаның ұйымдастыру барысына, бүгінгі жемісі мен ертеңгі мақсаттарына тоқталды.

«Біздің жобамен айналысып жатқанымызға 9 айдай болды. Қазіргі таңда нарыққа шығарған 7 кітабымыз бар, бүгін үш кітаптың тұсаукесері өткізіліп отыр. Қалған төрт кітаптың 20 данасы ғана шығарылып, халыққа таратылды. Біздің фокус группамыз барлық оқырмандардан түскен барлық кемшіліктер мен ұсыныстарды қарастырып жатыр. Жиналған мыңға жуық ертегілер ішінен 400-і кітап күйінде жарық көретін болады. Қандай жанрлар болмасын, барлығын өзіміздің 28 авторымыз жазып шығады. Бірақ біз ертегі жазумен шектелмейміз, ұялы қосымшамызда қолдаушылар көңілінен шыққан, жүректерінен орын алғандарды іріктеп, мульт-

Айбек ҚУАТБАЙ:

Отыз жаста орда құрар ұрпаққа сый

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мультфильм, ертегінің баланың санасына ғана емес, оның бүкіл болмысына әсер ететінін жиіміз Айдана

аяғын басып, мультфильм көре бастағанда түсіндік. Жұмысқа кеткен әке-шешесін іздеп жылаған кездері YouTube ашып, сондағы қызықты деген мультфильмдермен жұбату, шыны керек, жеңіл еді. «Маша мен аю»-ды көріп тілі шыққан Айдана ашуланған кезде аяқастынан «Машаға айналып» шыға келетін болды. Тілі де, қылығы да тәтті жиеніміздің әрбір сөзіне басында мәз болып күлетінбіз. Уақыт өте оның Маша секілді қолындағыны лақтыра салатыны, екі бүйірін таянып, қабағын түйіп, дәл Машаның әрекетін қайталауы жиілеген соң, мультфильмді көрсетуді шектей бастадық. Бірақ оның да орнын толтыру керек. Баланың жас ерекшелігі мен оның дүниетанымына лайықты ертегі не мультфильм тауып көріңіз енді. Біз таппадық.

Бұл мәселе жалғыз біз емес, 3-4 жасар баласы бар барлық қазақ отбасына тән болып шықты. Егер ойын балаларының сөзіне құлақ салсаңыз, олар Машаның әрбір сөзін ғана емес, іс-әрекеті, қылығына дейін жаттап алған. Бірақ интернет кеңістігі тек орыстың Машасымен ғана шектелмейтінін ескерсек, балалардың мультфильмнен басқа не көріп жүргенін көп ата-ана бейхабар. Бұл бір жағынан, қазақ балаларының аудиториясына арналған сапалы контенттің жоқтығын байқатады. Ал екіншіден, тансәріден жұмысқа кетіп, қас қарая үйіне оралатын ата-ананың баласы ютубтан не көріп жүргенін бақылауға мұршасы жоқ.

Мәселенің төркіні тым тереңде жатқанымен, жақсылықтың да ауылы алыс емес секілді. Жақында ғана балаларға арналған ертегілерді қамтитын, сол ертегілердің аудио нұсқасын әрі мультфильмдерін шығаратын Ordagen танымдық жобасы іске қосылды.

Жобаның директоры Парасат Тәменов: «Соңғы кездері ағылшынша мультфильм көріп, тілі солай шығып жатқан балалар көп» дейді. Бала тілі қай тілде шықса, сол тілде ойланып, сол тілде өмір сүретіні даусыз. Ендеше, ағылшын тілді баладан ертең жан-дүниесі, жүрегі «қазақ» деп соғатын азаматты көре аламыз ба?

30 жылдық тарихы бар тәуелсіздігіміз мәңгілік болуы үшін бізге қандай ұрпақ керек? Бұл сұрақтар ел алдында жүрген ұлтжанды азаматтардың талайының көкейінде жүрген

өзекті мәселе еді. Бұған Парасат Жамағатұлы жауап тапқан секілді. Бұдан былай балаңызға не немереңізге ертегі оқып беріп, мультфильм көрсеткіңіз келсе, Ordagen мобильді қосымшасын жүктеп алуыңызға болады.

Жобаны бекерге Ordagen деп атаған жоқпыз. Біздің ертегілерді оқып, тыңдап өскен баладан 20-30 жылдан кейін жаңа орда құратындай ұрпақ өсіп шығады. Сондай мақсатпен атын Orda қойдық. Gen дегеніміз – ұрпақ, яғни біз ертегі арқылы орда құратын ұрпақ тәрбиелеуді көздейміз. Біздің жоба заманауи техниканың тіліне бейімделіп жасалған. Яғни кез келген ата-ана Ordagen мобильді қосымшасын телефонына тегін жүктеуі алады. Сосын баласына ертегінің аудио нұсқасын қосып береді. Баласымен бірге отырып ертегі тыңдайды. Болмаса ертегінің кітап түріндегі нұсқасын тандап, ұйықтар алдында баласына оқып бере алады. Мұның бәрі ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайта түсуге көмектеседі. Ертегімен достасып өскен баланың ертең ұлтжанды, тәрбиелі, ізетті, ақылды болып өсетініне кепілдік бар, – дейді жоба директоры П.Тәменов.

Бүгінде мобильді қосымшаның қоржынында 1000-нан астам ертегі бар. Оның 100-і мықты деген өзге ұлттардың үздік ертегілерінің аудармасы. Тағы 200-і фантастика жанрында жазылған. Ертегілердің барлығы заманауи, еш жерде жоқ ертегілер.

Фэнтези жанрындағы жүзден аса ертегіні өзіміздің авторлар жазды. Яғни бізде мықты ертегі жазатын 28-ге жуық автор бар. Жобада бас-аяғы 30 шақты адам жұмыс істейді. Ordagen-нің басты ерекшелігі – заманауи. Бұрынғы аюлар мен қасқырлар жоқ. Мұнда Instagram, Tik-tok, masbook пен роботтар бар, – деген жоба директоры аталған мобильді қосымшаны шығарып, жобаны толық жүргізу үшін осы уақытқа дейін тапқан табыстарын салғандығын айтты.

Мәселен, қызыңыздың есімі – Анар. Ол танертең ұйқыдан оянганда шашын таратпай жылайды. Сіз ата-анасының айтқанын тындамайтын бала туралы ертегіні тандайсыз. Ондағы кейіпкердің есімі – Қарлығаш. Сіз «адамның атын өзгерту» деген тетікті басасыз. Сонда «Қарлығаш» деген есімінің бәрі «Анар» деп өзгереді. Ертегі тек сіздің қызыңызға арналғандай болады. Бала ертегі арқылы ата-ананы тыңдаған абзал екенін көркем түрде түсінеді.

Бетті дайындағандар
Динара МҰРАТ, Әсел ДАҒЖАН.



мал соқ! Қазір еліміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл болды, біздің кітаптың оқырмандары ары кетсе 10 жасар балалар. Енді бір жиырма жылдан кейін олар 30-ға толады, сонда «елу жылда – ел жаңа» деген мақалға келеміз. Елді жаңартар ұрпақ тәрбиелеу – мақсатымыз», – деп түсіндірді Айбек Қуатбай.

Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Әуесханқызы қазақ тілінде балдырғандарға арналған кітап болсын, мультфильм болсын жоқтың қасы екенін айтып, жобаның маңыздылығын атап өтті. Өзінің қолдауын білдірді.

«Бір ғана Алматыда 189 мемлекеттік, 600-ден астам жекеменшік балабақша бар. Онда 500 мыңға жуық бүлдіршін тәрбиеленуде. Яғни мұндай қазақи өнімге сұраныс бар. Осы сәтті пайдалана отырып, бізде биыл 4 мемлекеттік балабақша салынды, сол балабақшалардың бірін осы жобаның штабына айналдырсақ. Өйткені, бүлдіршіндер үйін әрлеуде алғаш рет осы «Orda» жобасының кейіпкерлерін пайдаландық. Бұрын қай ертегі кейіпкерімен саламыз деп басымызды қатыратынбыз, қазақи, ұлттық ертегі кейіпкерлері болмады. Штаб құру арқылы біз авторлармен, бүлдіршіндермен ұштастырмақпыз. Менің ұсынымым, бұл балабақша – қалалық емес, республикалық эксперименталды орталық болсын», – деп ұсынысын білдірді Л.Әуесханқызы.

фильм де түсіретін боламыз», – деп атап өтті жоба директоры.

Жаңа оқу жылының қарсаңында «Ordagen» компаниясының қолдауымен «Елтану» экспедициясы өз сапарын бастаған. Экспедиция мақсаты – Қазақстанның әр өңірін, шалғайдағы ауыл-аймақтарды аралап, кітапсүйер балаларға сый үйлестіру. Бала болашағына азық болар танымдық, рухани тренинг өткізу. Бұл сапарға «Ordagen» жобасының да қосқан үлесі зор. Экспедиция құрамындағы жігіттер әр өңірдегі дарынды ұл-қыздарға «Ордагеннің» ертегі кітаптары мен «Дарын» онлайн республикалық білім беру платформасының дайындық курстарын сыйға тартқан. Нұр-Сұлтан қаласынан бастау алған сапар барысында бүгінге дейін Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарындағы ауыл-аймақтарды аралап үлгерді.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылды «Балалар әдебиеті» жылы деп жариялауы бала тәрбиесіне аса зор көңіл бөлуіміз керек екенін көрсетуде. Президент Жарлығын негізге ала отырып, Bugin холдингінің қолдауымен Orda Joly білім экспедициясы өз сапарын бастады. Мақсатымыз – Қазақстанның әр өңірін аралап, көзінде оты бар өрендерді қолдау», – деді сөз соңында Айбек Қуатбай.





ӘЛІПБИ



Сонымен, 2023 жылдан бастап Қазақстан мектептерінде латын графикасы енгізіледі. Яғни 2021 жыл латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін оқытуға дайындық жылы болып есептеледі. 2022 жылы балабақшада тәлім-тәрбие алып жатқан балалар оқи бастайды. Ал 2023 жылдан бастап 1-сынып табалдырығын аттаған балалар латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін оқиды. Демек, 2031 жылы латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде білім алған алғашқы түлектеріміз мектеп бітіріп, үлкен өмірге аяқ басады.

«Қазақстанда жаңартылған білім мазмұнына көшу 100 пайыз аяқталды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық өңір толықтай бейнебақылау орнатылып және 99 пайызы жылы әжетханамен қамтылды. 2023 жылдан бастап кезек-кезеңімен 12 жылдық білім беруге көшу жоспарланып отыр. Ол үшін ауқымды жұмыс істеліну қажет. Оның ішінде мемлекеттік стандартты, оқу бағдарламасын және үлгілік оқу жоспарларын қайта жаңартуымыз тиіс. Математика, информатика және тіл пәндері басымдық беріледі. Сондай-ақ, Қазақстан тарихы мен Дүние жүзі тарихы пәні бойынша бірыңғай оқулық болады. 2023 жылдан бастап латын графикасын енгізу жоспарланып отыр», – деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Осы ретте оқулықтарды латын қарпімен шығаруға қанша қаражат жұмсау жоспарланып отырғаны белгілі болды. Бұл туралы электрондық үкімет сайтындағы құжатта айтылады. «Қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептерге арналған барлық оқу пәндері бойынша, қазақ тілінде оқытпайтын мектептерге арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша латын графикасы негізіндегі оқулықтарды қайта шығару және оларды жергілікті атқарушы органдардың сатып алуын ұйымдастыру – 202670,9 миллион теңге», – делінген «Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезек-кезеңмен көшіру бойынша іс-шаралар жоспары» құжатында.

Латын әліпбиі, ең алдымен, халықаралық, әлемдік қауымдастықтың таңбасына айналды. Себебі, ол әлемдегі ең көп тараған тілдердің негізгі әліпбиі болып отыр. Сондықтан қазақ әліпбиіне реформа жасау – қазіргі күннің басты талабы. Кезінде кириллицаны бізге зорлап танды, қазақтар орысшаны акцентсіз сөйлейтін болды. Есесіне, біздің сөйлеу мәнеріміз мүлде өзгеріп кетті. Қазір байырғы қазақтың әуезді тілі жоқ. Сондықтан латын алфавитіне көшудегі біздің ең басты мақсатымыз – өзіміздің тілдік ерекшелігіміз, үндестік заңына негізделген төл әліпбиімізді жасау.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ

Жаңа әліпбиге кезек-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығына жоспарланып отыр



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Өткенде ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысын өткізді. Бұл ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асып отыр. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың латын графикасы негізінде қазақ тілі әліпбиін жетілдіру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында әліпбидің 40-тан астам нұсқасы, сондай-ақ қазақ тілінің емле ережелерінің жобалары мен пернетақтадағы әріптердің орналасу тәртібі қаралды. Ендігі кезек жаңа әліпбиге кезек-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығына жоспарланып отыр.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ақжолын АМАНТАЙҰЛЫ,
қала тұрғыны:

Техникалық қиындықты шешуге болады

Латын қарпі – түрік халықтарын біріктіретін фактор. Кезінде бізде қазақты, өзге де бауырлас елдерді түркі дүниетанымынан тамыр үзгізіп, орыстандыру саясаты жүргізілді. Мұны анық сезген өзбектер, әзербайжандар, түркімендер қайтадан латын қарпіне әлдеқашан көшіп алды. Ал біз әлі жүрміз. Латын әліпбиіне көшудегі айтылатын проблемасымақтың бәрі – сылтау ғана. Себебі, қазіргі техника бір кітапты латын қарпіне екі-ақ сағат-

та аударып шығуға мүмкіндік береді. Қысқасы, латынға көшудің техникалық қиындықтары – шешуге болатын іс. Оны бауырлас елдердің тәжірибесінен де байқауға болады.

Сондықтан уақытша қиындықтарға қарамай, білім ошақтарына латын графикасын енгізу қажет. Дүние жүзі халықтарының 60 пайызы қолданатын латын қарпінің қазақ қоғамына енгізілуі тек жетістіктерге жол ашуы мүмкін.

Талғат ТОБАҒАБЫЛОВ,
тарих ғылымының магистрі:

Мектептердің барлығы ортақ жүйеге көшуге тиіс

Еліміздің орта білім беру саласына реформа керек. «Қазақ мектебі», «орыс мектебі» деген қос стандарттың қажеті жоқ, барлығы бір ортақ жүйеге көшуге тиіс. Министр мырза «ерте ме, кеш пе, латын әліпбиіне көшеміз» деп отыр. Ендеше, кешігудің қажеті қанша? Латын графикасы енгізілуі үшін қазірден бастап мамандар даярлана бастауы керек, себебі реформаны жүзеге асыратын алғашқы кадрлардың легін даярлауға да уақыт кет-

теді. Бір кездері Кеңес өкіметі қазақты отарландыру үшін қаріп ауыстыру саясатын қолданды. Енді біз отарсыздандыру үшін де осы әдіске жүгінуіміз қажет. Бұл орысқа жартылай сіңіп қалған қазақтың санасын идеологиялық тұрғыдан ажыратуға себеп болады. Қысқасы, бұл – Ресей ықпалынан арылудың бірден-бір жолы. Қысқасы, қазақ тілін меңгеру мәселесін де, латын әліппесін де мектепке енгізсек, түбінде жеміс беретіні анық.

ТЕГІН КӨМЕК ҚҰНЫ ҚАНША?

Мектептегі ас мәзірі



Динара
МҰРАТ

Білім ошақтарында көпбалалы, әлеуметтік осал топтардан шыққан отбасы балалары тегін тамақтанады. Аталмыш әлеуметтік көмекті қалай алуға болады? Кімдерге беріледі?

Қалалық білім басқармасының ақпараты бойынша, ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен аз қамтылған отбасылар қатарындағы білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау қағидаларына» сәйкес орта білім беру ұйымдарында жалпыға бірдей оқу қоры құрылды. Оған әлеуметтік қорғалмаған балаларға көмек көрсету үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлінеді.

Көмек әлеуметтік қорғалмаған, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 1–11-сынып оқушылары үшін күніне бірреттік тегін тамақтандыру түрінде көрсетіледі (оның құны осы санаттағы 24 мыңнан ас-

там оқушы үшін күніне орта есеппен 700 теңгені құрайды).

Сонымен қатар, қаланың барлық мектептері үшін орталықтандырылған түрде 4 апталық ұтымды теңдестірілген тегін тамақтану мәзірі бекітіледі. Ас мәзірі маусымдылық, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сондай-ақ ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Тамақтану нормаларына және Қазақ тамақтану академиясының мектеп оқушыларының тамақтану рационы бойынша бірыңғай стандарттар түріндегі әдістемелік ұсынымдарына сәйкес құрастырылған.

● Ас мәзірі қандай?

Мектеп асханаларының рационында тек табиғи өнімдер қолданылады: жаңа піскен көкөніс салаттары, бірінші және екінші тағамдар, сүт өнімдері, бал, жемістер, шырындар, компот пен кисель.

● Қандай құжаттар қажет?

Ресми білім басқармасының ақпараты бойынша,



Толық тізім

Сонымен, тамақ алуға арналған құжаттар тізімі келесідей: ата-анадан өтініш, көпбалалы – көк кітап, жартылай жетім – ата-анасының біреуінің қайтыс болуы туралы куәлік, жалғызбасты ана – 4-форма, ажырасқан – некені бұзу туралы куәлік. Егер анасы жұмыс істесе – жұмыс орнынан соңғы 6 айға жалақысы туралы анықтама. Егер жұмыс істемесе – зейнетақы төлемдері туралы анықтама. Егер әкесі жұмыс істесе – соңғы 6 айдағы жалақыны есептеу туралы анықтама, егер жұмыс істемесе – зейнетақы төлемдері туралы анықтама. АӘК алушылар – әкімдікпен шарт, көпбалалы отбасылар – 6 айға жәрдемақы есептеу, жартылай жетім балалар – асыраушысынан айырылу бойынша есептеу, ажырасқандар – алимент туралы анықтама. Барлық құжаттарды бір балаға бір данадан жинау керек. 10 парақтан тұратын көк папканы ұмытпаңыз!

тегін тамақтануды алу үшін мынадай құжаттар қажет: ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың не көмелеттік жасқа толған білім алушының өтініші. Ол білім беру ұйымына оның бірінші басшысының атына жазылады.

● Кім өтініш бере алады?

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар және АӘК алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалардың өкілдері өтініш бере алады. Сондай-ақ, отбасыларда тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өкілдері, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар, білім беру ұйымының алқалы органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары.

Алғашқы екі санат (АӘК немесе табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен) бойынша қызметті Egov «электрондық үкімет» порталы арқылы алу қажет.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҰЙЫМДАСТЫРА БІЛГЕН ҰТАДЫ

Алматыға мемлекеттік қызмет көрсетудің қазақстандық моделін зерттеп, тәжірибе алмасу мақсатында Қырғызстан делегациясы келді

Динара
МУРАТ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы төрағасының орынбасары Біржан Жүнісов қырғызстандық әріптестеріне фронт-офистерде құжаттарды қабылдаудан бастап әлеуметтік төлемдерді тағайындауға дейінгі үдерістерді көрсетті. Сондай-ақ, қонақтарға электронды, проактивті және композиттік форматта мемлекеттік қызмет көрсетудің жаңа форматтарын таныстырды. Бұл орайда, Қазақстан ТМД-да бірінші болып мемлекеттік қызметтерді проактивті тәсілмен көрсетуді енгізгенін атап өту қажет.

Кездесу барысында делегация мүшелері мемлекеттік корпорацияның фронт/бэк-офистерінің және зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің қызметімен танысты, egov.kz электрондық үкімет порталының жұмысын көріп, сондай-ақ, TelegramBot мессенджері және eGov-mobile мобильді қосымшасы арқылы мемлекеттік қызметтерді онлайн алуға мүмкіндік беретін сервистермен танысты.

Делегаттар мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыру кезінде ерекше қажеттілігі бар адамдарға үлкен көңіл бөлінетінін атап өтті. ХҚО-лар пандустармен, шақыру батырмаларымен, Брайль мәтіні

бар тактайшалармен, нашар көретіндерге арналған тактильді жолдармен жабдықталған. Аталған топтағы азаматтарға ыңғайлы болу үшін «жеңілдік терезелері» қарастырылған. Сондай-ақ, І және ІІ топтағы мүгедектердің мемлекеттік қызметтерді ХҚО-ға бармай-ақ, 1414 байланыс орталығына өтінім бере отырып, мамандарды үйге шақырту мүмкіндігі бар. Қазақстандықтар 1414 байланыс орталығында зейнетақы мен жәрдемақы тағайындауға қатысты барлық мәселелер бойынша да кеңес ала алады.

«Сіздер азаматтардың жағдайы мен қызметке қолжетімділігін арттыру тетігін жаксы ойластырыпсыздар. Қазақстан 5

жыл ішінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, мемлекеттік қызметтерді клиенттер үшін барынша ыңғайлау және цифрландыру бойынша көрші елдердегі әріптестерінен оқ бойы озық тұр. Біздің кездесуіміздің нәтижесі бойынша, әріптестеріміз бірге өз елімізде мемлекеттік қызмет көрсетудің қазақстандық әдістерін, процестерін пайдалануға ниеттіміз», – деді Қырғызстан Республикасының Әлеуметтік қорының төрағасы Жәнібек Орозалиев.

Әлеуметтік салада қызмет көрсету тәжірибесімен танысу аясында бұған дейін Қазақстанға Монғолия, Грузия делегаттары келген болатын.



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында Орталық Азияда алғаш рет ретинобластоманың көзді сақтауға мүмкіндік беретін селективті интраартериялық химиотерапияның жоғары технологиялық орган сақтау емін жүргізу басталды. Көздің қатерлі дертінде қолданылатын бұл ем көзді, тіпті көздің көру қабілетін сақтауға мүмкіндік береді. Отаның бірегейлігі осында.

Ретинобластома – көздің артқы жағындағы жарық көзі нерв тіндерінде (торда) басталып, 3 жасқа дейінгі балаларда 90% кездесетін қатерлі ісік дерті. Қатерлі дерт көру жүйкесіне, көз ұясына, миға қарай өсетін агрессивті ағыммен сипатталады. Ісік көру қабілетінің жоғалуы түрінде ғана қатерлі емес, сонымен қатар метастаздың және басқа мүшелердегі екінші қатерлі ісіктердің дамуына әкелуімен қауіпті. Жыл сайын әлемде ретинобластома диагнозымен 8100 бала тіркеледі. Оның 570–810-ы жана туған кезде анықталады.

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы ұсынған мәліметінше, жыл сайын Қазақстанда көздің қатерлі ісігінің (ретинобластоманың) 20–25 жаңа жағдайы анықталады. 2015 жылдан бастап ретинобластомасы бар барлық науқастар Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында емделуде.

Педиатрия орталығында Қазақ көз аурулары ҒЗИ-мен бірге лазерлі транспупиллярлы термотерапия, интравитреальді химиотерапия, криодеструкция емдері енгізілген, енді орган сақтау әдістерінің бірі – селек-

ЕМ-ШАРАНЫҢ ЖАҢА ТҮРІ
көздің көру қабілетін сақтауға мүмкіндік береді

тивті интраартериялды химиотерапия қолданылатын болады.

«Педиатрия орталығында көздің қатерлі ісігіне ата жасау үшін барлық жағдайлар жасалған. Арнайы медициналық жабдықтар, аппаратура және дайындығы бар мамандарымыз бар. Қазақстанда алғаш рет орган сақтауға мүмкіндік беретін СИАХТ операциясы басталды. Біз үшін және науқас балалардың ата-аналары үшін емнің жаңа түрінің енгізілуі бірегей, ерекше оқиға. 2016 жылдың қараша айында ретинобластома кезіндегі СИАХТ-тың жаңа технологиясын қарастыруға өтінім берілген еді. Пандемияға байланысты клиникалық хаттама 2021 жылғы 25 тамызда ғана бекітілді. Осы уақыт ішінде біз 2 мастер-класс өткізіп, 12 балаға операция жасадық», – дейді дәрігер-офтальмолог Елена Тян.

Оның айтуынша, Америка Құрама Штаттарында және Еуропада 15 жыл, Ресейде 10 жылдан бері қолданылып келе жатқан селективті интраартериялды химиотерапия емі жоғары тиімділікті көрсетті. Көзді орган ретінде, тіпті көру қабілетін сақтауға мүмкіндік береді. АҚШ-та қолдану жылдарында көз алмасын алып тастау операцияларының саны 95%-дан 8%-ға дейін қысқарды.

Көздің қатерлі дертіне шалдыққан балалардың ата-анасы бұрын шетелдік квотамен немесе өз қаражатымен шет елге емделуге баратын. Енді біздің еліміздің пациенттерінде өз елімізде емделуге мүмкіндіктері бар. Ретинобластоманың орган сақтайтын емінің барлық түрін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) есебінен тегін алуға болады.

ТАҒДЫР

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің ЛА-155/6 мекемесінде ұдайы жүргізіліп отыратын «еңбек тәрбиесі» сотталғандарды осынау күрделі де үлкен өмірге және еңбекке, адам бойындағы жауапкершілік, мақсат-мұратқа жету жолындағы табандылық, төзімділік сынды қасиеттерге бейімдеу мақсатында жүзеге асырылады.

Түзеу мекемесі аумағында №2 кәсіптік-техникалық мектебі жұмыс істейді. Онда аяғын жаза басып, істі болып, сотталған жасөспірімдер «Құрылыс ұстасы», «Механикалық-құрастыру жұмыстарының слесарь», «Металл бойынша токарь» топтарында білім алып, дәрістер тыңдайды. Заман талабына орай былтырдан бастап «Ақпараттық технологиялар және есептеу техникасы» атты тағы бір оқыту тобы енгізілді.



– Балалар күнде тәулігіне үш сағаттан оқиды. Демалыс күндері демалады. Өндірістік практика жұмыстары кәсіптік-техникалық мектеп жанындағы цехтарда өтеді. Тәжірибеден өту мерзімі аяқталып, емтихандарын тапсырғаннан кейін оларға мамандығы бойынша разряд беріліп, оқуды аяқтағаны туралы мемлекеттік үлгідегі сертификат тапсырыла-

ды, – дейді ЛА-155/6 мекемесі СЕУТ әділет аға лейтенанты Н.Тазабекова.

Сондай-ақ, бас бостандығынан айырылған балалар мамандық алып шыққан соң басқа ұйымдардағы цехтарға жұмысқа орналаса алады. Еңбегіне сай ақы да төленеді. Мәселен, «Ақниет үміті» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің цехында 2020 жылдың 8 тамызынан бастап сотталған 5 жасөспірім ақылы жұмыс істеп жүр. Олар күніне үш сағаттан артық жұмыс істемейді.

Түзеу колониясында жүрген жасөспірімдерге қол еңбегі көптік етпейді. Сол еңбек арқылы өмірдің, уақыттың қадірін бағалай жүріп, шыңдалады, тәжірибе жинайды. Ал бостандыққа шыққан соң қолында «маман» деген тілдей ресми қағазы бар адамның далада қалмасы анық. Түзеу мекемесіне қарасты №2 кәсіптік-техникалық мектептің көздегені де осы.

ҚҰҚЫҚ

БАЛАСЫ ҮШІН
ЖАЗАЛАНДЫӘсел
ДАҒЖАН

13–19 қыркүйек күндері мегаполис аумағында өткен «Жасөспірім» жалпықалалық жедел алдын алу іс-шарасы кезінде 400-ден астам ата-ана балаларының түнгі уақытта көшеде жүргені үшін жазаланды.

«Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және оны ескерту, білім беру ұйымдарының қатысушылары арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу. ПД-нің барлық қызметтерінің әрекеттерін үйлестіру үшін жедел штаб пен жұмыс тобы құрылды.

Іс-шара барысында әртүрлі құқық бұзушылықтар бойынша ПО-на 532 кәмелетке толмағандар жеткізілді, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны – 461, қараусыз қалғаны және баспанасыз болғаны – 29. Қараусыз қалған 26 бала кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына бөлінді», – деді Алматы қаласы ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Манап Саттаров.

Сонымен қатар, іс-шара жүргізілген күндері балалардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта тұрғын үйден тыс жерде болғаны үшін 424 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды. ҚР ӘҚБК-нің 127-бабы 1-бөлімі (Бала тәрбиесі бойынша міндеттерді орындамағаны үшін) – 19 ата-анаға қатысты кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін материалдар жіберілді.

«Іс-шара кезінде ювеналды полиция қызметкерлері кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған және оларға қатысты алдын алу іс-шаралар кешенін өткізді. Қаланың жалпы білім беру мекемелерінде оқушылармен кездесулер өткізіліп, оларға қоғамдық орындардағы, бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста болмау, қақтығыс жағдайында бейнематериалдарды қолдану, ақпараттық бюллетеньдерді тарату және орналастыру тәртібі түсіндірілді. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың құқықтарын кемсітушіліктің барлық түрлерінен, физикалық не психикалық зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған ұсыныстар берілді», – деп қорытындылады М.Саттаров.

БРИФИНГ

Ойыннан
от шығады

Алматыда №34 мектепті «жарып жібермек» болған жасөспірім қолға түсті. Бұл туралы ҚР ІІМ Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Дархан Разуев айтты.

«Жалған хабарлама беру тәсілдері санаулы. Мысалы, олардың 85%-ға жуығы мобильді телефон арқылы хабарланған. Ақпараттық технологияның дамуына байланысты ғаламтор желісі арқылы да келіп түскен хабарламалар бар. Ондай фактілер 8% шамасында. Оларды ашуға көбірек уақыт кетеді. Алайда, мұндай қылмыстар да жазасыз қалмайды. Мысалы, биыл Алматы қалалық Полиция департаментінің қызметкерлері №34 мектепке электрондық поштамен жалған хабарлама таратқан жасөспірімді ұстады. Қазіргі уақытта тергеу жүргізіліп жатыр», – деді ол ІІМ баспасөз қызметі алаңында өткен брифинг кезінде.

«Бүгінгі таңда құқық қорғау органдарында мұндай қылмыстармен күресуде барлық мүмкіндік бар. Заманауи техникалық құралдармен жабдықталған. Қоңырау шалған адам даусын өзгертсе де, сим-картасы мен телефонын ауыстырса да, ол бәрібір табылады. Қылмыстардың 90%-дан астамы ізі суымай келесі тәулікте ашылды», – деді Дархан Разуев.

Департамент бастығының орынбасарының сөзіне сүйенсек, соңғы 10 жылда осы санаттағы қылмыс саны едәуір азайған. Нақтырақ айтсақ, 2011 жылы 123 факті, ал былтыр 50 факті тіркелген.

Нұр ЖАМАЛ.



«ASHYQ»



Тойға рұқсат

Елде 27 қыркүйектен бастап карантиндік шектеулер жеңілдетіліп, салтанатты және отбасылық іс-шараларға рұқсат етіледі.

Иә, Қазақстанда пандемия басталғалы алғаш рет той өткізуге рұқсат берілмек. Алайда, тойханаларға «Ashyq»-тағы мәртебесі «қауіпсіз» қонақтар ғана кіргізіледі.

«Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой елдегі эпидемиологиялық жағдай тұрақтанғанын, соңғы екі аптада сырқаттанушылық пен өлім-жітім деңгейі 60%-ға төмендегенін айтты. Осыған байланысты 27 қыркүйектен бастап «Ashyq» бойынша «қауіпсіз» мәртебесі бар қызметкерлер мен келушілердің қатысуымен келесі іс-шараларды өткізуге рұқсат етіледі», – делінген COVID-19-дың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хабарламасында.

Нақтырақ айтқанда, салтанатты, еске алу және отбасылық іс-шараларды (банкет, үйлену тойы, мерейтой) өткізуге рұқсат беріліп отыр.

«Жасыл аймақта» тұрған өңірлерде зал 50%-ға дейін ғана толуы керек, 100 орыннан аспауы шарт.

«Сары аймақта» да 50%-ға дейін, 70 орыннан аспауға тиіс.

«Қызыл аймақта» да 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан аспауы керек.

Сондай-ақ, конференциялар, форумдар және басқа да бұқаралық іс-шараларды, көрмелерді өткізуге рұқсат етілді.

Бұған қоса, таза ауада марафон ұйымдастырып, көрермендердің қатысуымен спорттық іс-шаралар өткізуге болады. Спорттық-сауықтыру орталықтары мен спорт кешендерінің, ойын клубтарының (казино) қызметі жанданады.

ЖАҢА ВИРУС

Жаппай жұқтыру тіркелді

АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария және Жапония дәрігерлері бүкіл әлемдегі балалар тыныс жолдарының ауруларын тудыратын респираторлық синцитиалды вирусты (RSV) жаппай жұқтыра бастағанын хабарлады.

Ғалымдардың айтуынша, коронавирус пандемиясы RSV вирусының таралуына әсер еткен, карантин шараларының салдарынан балаларда вирусқа қарсы иммунитет қалыптаспаған. Ауру коронавирус шаралары жеңілдетілгеннен кейін өршіп кеткен көрінеді.

АҚШ ауруханаларының біріндегі балалар жұқпалы аурулары бөлімінің меңгерушісі Раба Аганың айтуынша, жаңа вирусты жұқтырған балалар ауруханаға сәуір айында түсе бастаған, соның салдарынан жансақтау бөлімдері лезде толып кетіпті.

АҚШ ауруларды бақылау және алдын алу орталығының мәліметінше, балалардың көпшілігінде вирус суық тиген кездегідей жеңіл өтіп жатыр. Олардың мұрны бітіп, жөтел мазалап, көбінде ауру тұмауға ұқсас келеді. Бірақ кейбірінің өкпесін қабындырып, бронхиолитке шалдықтыруы мүмкін көрінеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

«Мен екпе алдым!»



Абылай ҚОЖАКОВ, мәдениет қызметкері:

– Тек жаппай екпе салдыру ғана ұжымдық иммунитетті қалыптастырып, қатерлі індеттің бетін қайтаруға мүмкіндік береді. «Денсаулық – зор байлық» демекші, «Спутник V» вакцинасының екі бірдей компонентін қабылдадым. Отбасымызда ата-анам мен бауырларым екпе ектірді. Менің ойымша, бәріміз екпе ектірсек, бұл індеттен құтыларымыз сөзсіз. Сондықтан баршаңызды осынау маңызды науқанға белсенді қатысып, вакцина алуға шақырамын.



Жұлдызбек ТӘУЕКЕЛ, мұғалім:

– Соңғы күндері індеттің балалар арасында таралу көрсеткішін ескеріп, біз қазір балғындарымыздың денсаулығына көбірек алаңдауымыз қажет. Жаңа оқу жылы дәстүрлі түрде басталды. Сондықтан білім беру ұйымдарында санитарлық талаптар қатаң қалағануда. Біз, мұғалімдер, екпенің екі бірдей компонентін қабылдадық. Қазіргі таңда ешқандай да ауырсыну белгілері байқалмайды. Бүгінде ұстаздар оқушылардың вирус жұқтырып алмай, тиімді білім алуына жағдай жасауда. Әрқайсысымыз жақындарымызға жанашыр болып, айналамыздың амандығын ойлап, екпе алудың маңыздылығын ұғынайық.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

#ЕКПЕАЛ!

Ұжымдық иммунитет – маңызды

Мегаполисте 160 екпе егу пункті жұмыс істеп тұр. 1028 адамнан тұратын 237 егу бригадасы бар



Нұржамал ӘЛШЕВА

Кешегі түскен мәліметке сүйенсек, бір тәулікте (21 қыркүйекте) қалада 498 адам коронавирус жұқтырған. Мұның ішінде симптомды, жеңіл және орташа деңгейдегі белгілермен –

МОНИТОРИНГ

Эпидемиал әлі де тұрақсыз

Өткен аптада Алматыда карантиндік шектеулерді бұзған 40 нысан анықталды. Мониторингтік топ өкілдері 13–19 қыркүйек аралығында 166 тексеру жүргізілгенін, 19 заңды тұлғаға 6 373 645 теңгеге 141 хаттама жасалғанын және бетперде режимін бұзғаны үшін 122 адамға 5 425 620 теңге көлемінде айыппұл салынғанын хабарлады.

Бір тәуліктің өзінде карантин талаптарын бұзған 14 нысан анықталған, оның ішінде 10-ы түнгі уақытта жұмыс істеген. Құқық бұзушыларға қатысты әкімшілік іс қозғалды, соған орай айыппұл салынады.

Алматы қаласының Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті өкілдері карантин талаптарын бұзған мекемелерді атады. Мәселен, 19 қыркүйекте Наурызбай ауданындағы «Baqsarai» мейрамханасы мен «Amelie» кафесі тыйым салынғанына қарамастан банкеттер өткізген. Дәл осы күні тексерушілер Алмалы ауданының «Медальон» мейрамханасы мен «RST стом» стоматологиясы қызметкерлерінің бетперде режимін бұзғанын анықтады. Барлық материал аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына жіберілді.

Түн уағында мониторингтік топтардың өкілдері Әуезов ауданындағы «Айнұр» кафесінде және «House pub» барында, Алмалы ауданындағы «Прессеко-бар» мейрамханасында жұмыс және бетперде режимінің сақталмағанын, карантиндік шектеулердің өрескел бұзылғанын анықтады. Сонымен қатар, тәртіп бұзушылардың арасында Желтоқсан көшесіндегі «Мята Платинум» лаундж-бары, Брусиловский көшесіндегі «Арша» мейрамханасы, Медеу ауданындағы «Hookah-dreams бағы», Радлов көшесіндегі «Loto club», Бостандық ауданындағы «Кишлак» мейрамханасы, «Storm» және «Battle palace» компьютерлік клубтары бар.

Жалпы, жыл басынан бері шаһарда 40 мыңға жуық нысан тексерілген. Оның барысында 3814 нысанның тәртіп бұзғаны анықтал-

АЙЫППҰЛ

Жауапкершілікті ұмытпауға шақырды



Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Алматыда үй карантинін бұзған «қызыл» мәртебесі бар 235 адамға айыппұл салынды. Карантин талаптарына мойынсұнбағандардың көбісі – коронавирус жұқтырған және оқшаулау режимін бұзғандар.

«Өздеріңіз білетіндей, көпшілік орындарға «Ashyq» қосымшасы қойылған, оның басты себебі – карантиндік талаптарды сақтау. Алайда, бұл айтылған шаралар үнемі ескеріле бермейді. Себебі, кейбір адамдар 14 күндік үй карантинін бұзады. Кейіннен әкімшілік жауапқа тартылып, 30 АЕК көрсеткішінде айыппұл төлеуге мәжбүр болады», – деп хабарлады санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті.



ды. 461 млн. теңгеден астам айыппұл бойынша 5988 хаттама толтырылды.

Алматыда эпидемиологиялық ахуал әлі де тұрақсыз. Сондықтан санитарлық дәрігерлер, жергілікті атқарушы органдар мен полиция қызметкерлері мегаполис тұрғындарын халық көп жиналатын мерекелік іс-шаралардан бас тарта тұруға шақырады. Бұл шектеулердің де қауіпті індеттің бетін қайтаруға септігін тигізери анық. Сондай-ақ, коронавирусқа қарсы вакцина салдыруды да ескеріп, жабық ғимараттарға кіргенде, қоғамдық көліктерде бетперде тағып жүруді де, қолымызды жиі жуу керектігін де ұмытпайық.

Нұр ЖАМАЛ.

«Қызыл» мәртебедегі адамдар «Ashyq» жобасы бойынша жұмыс істейтін нысандарға кіргізілмейді. Карантиндік талаптарды бұзғандардың толық тізімін әлеуметтік желіде табуға болады. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті амбулаторлық ем алып жатқан азаматтарды өзін-өзі оқшаулау режимін бұзбауға және қоғам алдында азаматтық жауапкершілікті ұмытпауға шақырады. Жұқтырғандармен байланыста болған адамдар да өзін-өзі оқшаулау режимін сақтауға және басқа адамдардың жұқтыруын болдырмау үшін адамдар жаппай жиналатын орындарға барудан бас тартуға тиіс.



Жаңа ұлттық тарихтың жазылуына тың серпін



Нұржан ЖЕТПІСБАЙ,
Ш.Уәлиханов
атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері:

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа биылғы Жолдауы бүкіл әлеммен қатар елімізді де үлкен сынақтарға душар еткен пандемия салдарын саралау тұсында жолданғанына қарамастан, өзінің маңызды ерекшеліктерімен көзге түсті. Бұл сындарлы кезеңдерге, салмақты экономикалық шығындарға қарамай, ел дамуының басты кепілдіктерінің бірі – ғылым саласына айрықша назар аударғаны бәрімізді қуантты. Ел басшылығының ғылымға көңіл бөлуі, оның қажеттілігін жоғары деңгейде пайымдап, мемлекеттің болашақ дамуы жолындағы басты мақсаттардың бірі ретінде қарастыруы құптарлық әрекет болып отыр.

Президент өз Жолдауында басқа да өзекті мәселелерді қамти келе, «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз» деп атап көрсеткен болатын. Ол осы саладағы басты сауалдардың шешімін табу үшін жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттігін айтты.

Ғылым жөніндегі көтерілген мәселе ел басшысының биылғы жылдың басында ұлттың тәуелсіз тарихын қайта жазу туралы ұсынысымен толық үндеседі деуге болады. Өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында Қ.Тоқаев Ұлы Даланың тарихын – көне дәуірлерден бастап қазіргі кезеңге дейінгі тарихын жазуға назар аудару қажеттілігін атап өткен болатын. Жаңа ғылыми тәсілдерді қолдана отырып, Отан тарихын жазу және бұл жұмыстардың барлық оқулықтың негізін құрауы керектігі де көрсетілген еді. Президент тәуелсіз тарихтың даярлануын стратегиялық маңызды мәселе деп атап, Қазақстан тарихы бойынша жеті томдық жаңа академиялық басылымды дайындауға шұғыл кірісу қажеттілігін көрсетті. Тарихи сананың жандануы осыған байланысты екені аталды. Осылайша елдің тарихшы-ғалымдары алдына үлкен әрі жауапты міндеттер қойылған болатын. Кезекті Жолдау өзінің ғылым саласына қатысты тұстарымен осы көтерілген мәселелердің ұтымды орындалуына тың серпін мен бағыт бере алады.

Сонымен, бүгінгі таңда ел тарихшылары алдында біршама күрделі міндеттер тұр. Осыдан бірнеше жыл бұрын 20 кітаптан тұратын он томдық Қазақстан тарихын даярлау жобасы басталып, мамандар тарапынан құрылымы жасалып, негізі қаланғанымен, ол бастама өкініштерге қарай өз жалғасын таппаған еді. Енді зерттеушілер алдында жаңа міндеттерді орындау ғана емес, соның шеңберінде бұрынғы қаланған ғылыми мектептер ізімен, алайда тың мәліметтер қосып байыту арқылы тәуелсіз қазақ тарихын жаңа қырынан сапалы көрсету мақсаттары тұр.

Осы бір күрделі істің ұйытқысы болу бұрыннан қазақ тарихының қара шаңырағы саналатын Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына тапсырылып отыр. Аталған институт кезінде ұлт тарихын зерттеуде өшпес мұраларын қалдырған Ө.Х.Марғұлан, А.Н.Нүсіпбеков, Б.С.Сүлейменов, К.Н.Нұрпейісов, М.Қ.Қозыбаев сияқты ғалымдар қызмет еткен тарих ғылымының ордасы саналғаны белгілі. Енді олардың шәкірттері мен ізбасарларына осы игі дәстүрлер сабақтасығын жалғастыру ғана емес, төл тарихымыздың зерттелуін одан да жоғары белестерге шығару мақсаты қойылып отыр. Сонымен қатар, тек аталмыш ғылым ордасы ғана емес, жеті томдық Қазақстан тарихын даярлау ісіне басқа да тарих-археология бағытындағы ғылыми-зерттеу институттары, белді жоғары оқу орындары, сондай-ақ басқа да жекелеген зерт-

теушілер тартылады. Осы үлкен істі жұмыла атқаруға берілген мерзімнің тым шұғылдығы ғана еңбектің сапасына әсерін тигізбесе дейміз...

Қазақ тарихында қордаланған мәселелер баршылық. Ежелгі және ортағасырлық кезеңдер бойынша жаңа археологиялық ескерткіштер мен жазба деректерді жан-жақты зерделеп қорыту арқылы жаңа басылымға енгізу кезек күттірмейді. Ертедегі тайпалық одақтар мен мемлекеттік бірлестіктердің тұрмыстары мен тілі, шаруашылықтары, идеологиялары мен мифологиясы, басқа да құндылықтары жөнінде тың мағлұматтар көптеп жиналғаны анық. Осы кезеңдер қамтылған алғашқы академиялық басылымнан бері 25 жылдай уақыт өткенін ескерсек, аталған



дәуірлердің көптеген деректермен, жаңалықтармен толығыуы күтіледі.

Қазақ хандығы тұсы да әрқашан дерлік тарихтағы өзекті мәселені құрап, әртүрлі пікірталастар өзегіне айналуды үрдісінен жаңылған емес. Жошы ұлысы мен оның мұрагерлері болған саяси бірлестіктер тарихы да өз маңыздарын жойған емес. Жаңа басылым да мамандар тарапынан бұл тақырыпқа қатысты ең соңғы әрі нақты тұжырымдарды күтеді.

Қорыта айтқанда, 7 томдық Қазақстан тарихы бұрынғы буын өкілдері қол жеткізген нәтижелерге сүйене отырып, бірақ оларды сипаттауда жаңа қадамдар мен әдістерді қолдана отырып даярлануға тиіс. Жалған ғылыми «сенсациялардан» барынша аулақ болған жөн. Тәуелсіздік кезеңнің өзінде бірқатар тақырыптар жүйелі зерттелгенімен, жалпы тарих саласында кейбір науқашылдық пен ұраншылдық та көрініс беріп, ірі тарихи оқиғаларды тек олардың мерейтойларына ғана қатысты үстіртін қарастырып өту белең алғаны да жасырын емес. Оқиғалар мен тұлғаларды аңыздарға айналдыру, мифтендіру көріністері де қылаң берді. Соңғы жәйттер, әсіресе, әуесқой «тарихшылар» арасында белең алып, олардың «жаңалықтары» елді адастырумен ғана қоймай, басым «тұжырымдарға» айналууда.

Шынайы тарих көптеген оқиғалар мен тұлғаларды байыпты зерттеп, аңыздардан аршып, ақиқаттарын ашып алуды талап етеді. Осы тұрғыда қазақ тарихының қара шаңырағы әрі қасиетті ордасы – Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты бас болып даярлайтын болашақ жеті томдық Қазақстан тарихы көптеген даулы мәселелерге нүкте қоятын, ел көкейіндегі сауалдарға ғана емес, сыртқы күштерге де дәлелді жауап бере алатын қоғамдық-саяси мәнге ие іргелі еңбек болады деген ойдамыз.

Негізгі басымдықтарды айқындап берді



Роза ҚҰРМАНБЕКОВА,
№157 бөбекжай-балабақша
менгерушісі:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы бізге жаңаша серпін, жаңаша бағыт берді. Өзім жетекшілік етіп отырған ұжым қызметкерлері белсенділік танытып, Жолдауды жан-жақты талқылады. Ұжым қызметкерлері Гүлнар Түбекова, Бейбіткүл Скендірова, Баян Тәжібекова, Бағдат Дәулетханұлы Жолдаудың әрбір тарауын ыждағаттылықпен оқып, таныстырып, өздерінің ой-пікірлерін білдірді.

Біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеп жатқандықтан, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне жауаптымыз. Балабақшадағы ел ертеңінің санасына ұлттық тәрбие мен сапалы білімді сіңіріп, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін де, ең алдымен, өзімізді жетілдіруге тиіспіз. Жолдаудың бізге ерекше әсер еткені, әрбір саланың жауапкершілігін нақты көрсетіп бергені болды. Мәселен, Мемлекет басшысы еліміздің экономикасын дамыту үшін цифрлы технологияларды белсенді енгізу қажеттілігін баса айтты.

Шындығында, заманауи технологиялар баршамамыздың күнделікті өмірімізге еркін еніп, ажырамас бөлігімізге айналды. Сондықтан біз өркениеттің көшінен қалмай, жаһандық үрдістің игіліктерін қолдануға тиіспіз. Сапалы білімнің бастауы да, негізі де осы болмақ.

Халық пен биліктің арасы жақындай түсуге тиіс



Саясат БЕЙІСБАЙ,
Философия,
саясаттану және
дінтану
институтының
бөлім жетекшісі:

Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс деді. Бұл бірінші кезекте жергілікті билікке қарата айтылып отыр. Қазіргі таңда көп басшылар басқа әлемде жүргендей. Бірқатар өңірде егістік алқаптарға су жетпей, бәрі құрғап, қурап кетті. Батыс өңірлерде құрғақшылықтан жем-шөп болмай, мал өлімі көбейгенін бүкіл халық біледі. Ағын суды саудаға салғандар білгендерін істеуде. Жергілікті билік өкілдері болса, шарасыз. Нарық заңы бойынша, жекешенің мүлкіне құзыреті жүрмейді. Әйтеуір арты жақсы болсын, Жолдауда айтқан Президент тапсырмасынан соң мәселенің түйіні оң шешілер деп үміттенесіз. Жалпы, кез келген билік өкіліне халықпен кері байланыс өте қажет. Әрбір мемлекеттік қызметкер әлеуметтік желі арқылы жағдайды біліп, елмен тығыз қатынас орнатуы тиіс. Түйткілді мәселені ұшықтырмай, дер кезінде шара қолданып, жағдайды асқындырмай шешіп отырса, қанеки. Міне, осындай жағдайға сәйкес «Үкімет пен әкімдер Өңірлерді дамыту жоспарларын бекітілген жалпыұлттық міндеттерге сәйкес жаңартуы қажет» деді Мемлекет басшысы Жолдауда. Қазір интернет заманы. Демек, жұртшылықпен онлайн арқылы да байланысып, әкім сағатын өткізуге мүмкіндік бар. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жо-

март Кемелұлының өзі үлгі бола білді ғой. Әлеуметтік желіде белсенділік танытып, тіпті қат-қабат шаруадан босай қалған түннің бір уағында кейбір мәселеге өз пікірін білдіріп, ойын жазып, тапсырма беріп жатыр.

Халықтың ішінде де бәріне мемлекет кінәлі деп отыра беретіндер көп. Жұрттың өз тарапынан белсенділік қайда? Әрбір ауыл өзінің елдімекенін өркендетуге тырыспай ма? Іштерінен бір бастамашыл топ шығуына болады ғой. Сонымен, ауыл әкімдерін сайлау өтті. Ендігі жерде халық өзі сайлаған басшыдан көп нәрсені талап ете бастайды. Нәтижесін алдағы уақыт көрсетеді. Қазақ тілді маман жоқтың қасы. Көбі жаза алмайды, мандытып сөйлей де алмайды. Бұрын ұжымда бір өзге ұлт өкілі отырса, басқалар ресми тілде сайрайтын, ал қазір тіпті жүз пайыз қазақ отырса да, көп жерде түгел орысша сөйлеуді әдетке айналдырып алған. Жұрттың да бұған еті өліп кеткен. Үндемейді. Елдің әлеуметтік жағдайын жақсарту, ауылды дамыту, жұмыспен қамту, тұралап қалған өндіріске жан бітіру, жалақыны өсіру – міне, осылар халықтың көкейінен шығуы тиіс. Мемлекет басшысы білім, ғылым саласы қызметкерлерінің айлығын өсіруді қадап айтты. Алдағы уақытта ғылымға бюджеттің 1 пайызын бөлу қажеттігін тапсырды. Бұл осы сала қызметкерлерінің көңілінен шықты, әрине.

Қазір қоғам өте тез дамуда. Әрбір ақпаратқа тез әрі нақты, сауатты, ұғынықты, дәлелмен жұртшылықты сендіре отырып, жауап қайтару қажет. Ел ішінде түсіндіру, халықты ашындырмай, мәселені оң шешу жолдарына дайын болу керек. Сонда ғана халық пен биліктің арасында алшақтық болмас еді. Егемендігінің отыз жылдығына қадам басқан Тәуелсіз Қазақстан әлемнің дамыған отыз елдері қатарына сеніммен қадам басар еді.



ЖӨН ЕКЕН!

Қазақстанға ғана тиесілі Біздің елге дербес +997 коды бекітілді

Енді елімізден сыртқа қоңырау шалғанда шет елдегі адамның телефонында «Қазақстан» деп шығып тұрады. Бұл туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин айтты.

«Жақсы жаңалық! БҰҰ жанындағы халықаралық электр байланыс одағы Қазақстанға жаңа +997 дэф кодын белгіледі. Енді біздің елден басқа мемлекетке қоңырау шалғанда, шетелдіктердің телефонында Қазақстан деген жазу шығады. Сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі цифрлы сервистерді қолданғанда да барлық жерде Қазақстан деген сигнал шығады», – деп жазды Бағдат Мусин Facebook-тегі парақшасында.

Министрдің айтуынша, қазіргі уақытта тиісті құжаттар рәсімделіп, жаңа кодқа көшу бойынша іс-шаралар атқарылып жатыр. «Кезінде КСРО тарағанда +7 халықаралық телефон коды екі елге бірдей бекітілген болатын. Біз Қазақстанға ғана тиесілі халықаралық кодқа қол жеткізу үшін былтырдан бері телекоммуникация саласындағы компаниялармен бірге жан-жақты жұмыс жүргізіп келеміз. Осы келіссөздердің нәтижесінде біздің елге дербес +997 коды бекітілді», – дейді ведомство басшысы.

Нұр ЖАМАЛ.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

«Сергек» сергектікке баулиды



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қалада полиция көлігінің төбесіне «Сергек» камерасы орнатылды. Әлеуметтік желі қолданушылары жол полициясының ерекше көлігін талқылауда. Алматы қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, қалада айыппұл төлемей жүргендерді анықтайтын «Борышкер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр.

«Алматы полициясы «Борышкер» жедел алдын алу іс-шарасын жүргізуде. Шараны өткізуге жол-патрульдік полициясының автокөлік экипажы қатысады. Әкімшілік айыппұлдар бойынша берешегі бар борышкерлерді автоматты түрде есептейтін «ЖКҚ» ААЖ және «Сергек» АӨК де қолданылады», – деді Алматы қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасының басшысы Нұрлан Аманбек.

Құқық бұзушының көлігі мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылады.

«Жоспарланған кезеңдік іс-шара шектеулері бар адамдар мен көлік құралдарын анықтауға, сондай-ақ, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша міндеттемелерді ерікті түрде, заңмен белгіленген мерзімде орындамаған адамдарды анықтауға бағытталған. Қозғалып келе жатқан көлік ағынының арасында жүйе құқық бұзушының көлігін анықтайтын болса, инспектор көлікті тоқтатады және тоқтату себебін түсіндіреді. Содан кейін құқық бұзушының көлігі мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылады.

Тұру орнында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес тәркілеу хаттамасы жасалады. Мұндай әкімшілік шаралар құқық бұзушылардың заңды міндеттемелерді уақытында орындауына тиімді әсер етеді деп есептеймін», – деді полиция өкілі. Сондай-ақ, іс-шараға Өңірлік жеке сот орындаушылар палатасының сот орындаушылары мен қалалық прокуратура қызметкерлері қатысады.

ФОТОКӨРМЕ



«Үлкен қаладағы махаббат»

Мәңгілік махаббат мекеніне айналған, саясат пен мәдениеттің тоғысқан жері Алматыға фотосуретшілер үлкен көрмесін арнап отыр. Белгілі өнер иелері шаһардың тарихи және заманауи келбетімен қатар, айналасындағы табиғаты сұлу жерлерді де камераның көмегімен шынайы бейнелеген.

«Үлкен қаладағы махаббат» деп аталатын 10 күндік көрме ұлттық құндылықтар, ұлтаралық достық және өмірлік махаббат сияқты тақырыптарды қамтиды. «Бұл жердегі суреттер Қазақстанның керемет табиғатының аясында түсірілген.

Мақсатым – отандастарыма шет елге шықпай-ақ, өз елімізде керемет жерлердің бар екенін осы фотосуреттер арқылы жеткізу. Менен басқа бұл жерде тағы 7 фотосуретшінің керемет жұмыстарын тамашалауға болады», – дейді фотограф Асқар Бумаға. Айтулы өнер жәрмеңкесі «Форум» сауда орталығында қыркүйек айының 29-ына дейін жалғасады.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ЖОБА



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматыда «Қорқыт ата» телехикаясы шығармашылық тобының отырысы өтті.

«Осы жылдың басында Түркияға ресми сапармен барғанда бірқатар ортақ келісімдерге қол жеткізген едік. Соның бірі – түркі жұртына ортақ тарихи тұлғалар туралы сериалдар түсіру. Қорқыт ата – түркі әлемінің ең ұлы тұлғаларының бірі, түркі халқына ортақ тұлға, ортақ мұра. Сондықтан бұл туынды тек біздің көрермендерге ғана емес, басқа да елдерде үлкен сұраныс әкеледі деп сенемін.

Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан елдерін осы жобаға шақырып, әріптестік

орнату жөнінде ұсыныс жасадық. Қазір тиісті келіссөздер жүріп жатыр», – деді министр А.Балаева телехикаяның шығармашылық тобымен кездесуде сөйлеген сөзінде.

Жоба продюсері – Шолпан Батырбаева. Бас кеңесшісі – өнертанушы, этнограф Берік Жүсіпов.

«Қазақстан» телерадиокорпорациясы биыл жыл соңына дейін 6 тарихи телехикая ұсынады. Олардың қатарында Домалақ ана, Жәңгір хан, Ахмет Байтұрсынұлы, Қаныш Сәтбаев, Жұмабек Төшенев, Мұқағали Мақатаев сынды ұлы тұлғаларымыз бар. Тарихи жобалардың шығармашылық топ құрамын бекіту – ең күрделі құбылыс. Жылдан-жылға тарихи сериалдар өндірісін арттыру арқылы нарықта осы салаға, яғни

тарихи сериалдар өдірісіне бейімделген мамандарды көбейттік, компаниялар саны да артты.

Бұл – тарихи телевизиялық жобалар сапасының арта беретінін білдіреді. Осы мақсатта тиісті министрліктің қолдауымен биыл тұңғыш рет өндіріске үш жылдық мерзім беріліп отыр. Төрт бөлімді «Қорқыт ата» телехикаясының биыл тек сценарийі жазылады», – деді басқарма төрайымы Ләззат Танысбай.

Жиынға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, сондай-ақ, этнограф Тынысбек Қоңыратбаев, киносыншы Дәрежан Әмірбаев, әдебиеттанушы Әлия Бөпежанова, кинотанушы Гүлжан Наурызбекова, публицист Қайнар Олжай, өнертанушы Сағатбек Қалиев, сценарист Бекзат Мырзахмет қатысты.

КИНО ӘЛЕМІ



«БАРЫМТАШЫЛАР. УАҚЫТ ЖОЛЫНДА» Шығыстық вестерн



Динара МҰРАТ

Қазақстандық-жапондық «Барымташылар. Уақыт жолында» фильмі көрерменге жол тартты.

Белгілі режиссер Ерлан Нұрмұхамедов әдеттегідей өзінің авторлық идеяларын әлемдік киноның түрлі жанрларымен, шығыс философиясымен біте қайнастырып, жаңа туындысын қалың жұртқа ұсынып отыр. Оның талпынысын күншығыс елінің режиссері Лиза Такаба қолдап, қазақ даласында екі елдің шығармашылық әлеуеті тоғысты. «Барымташылар. Уақыт жолында» фильмін түсіруде Қазақстан тарапынан Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы айналысса, жапондықтардан «Tokyo New Cinema» компаниясы қатысты.

«Жапон режиссері бұрын мұндай фильм түсірмеген. Бұған дейін Лиза Такаба комедиялардан бастап, көбінесе фантастикалық фильмдермен айналысқан. Өзі осы форматтағы кино түсірісі келгендіктен, біздің идеямыз бір жерден тоғысып, түсірілімді бастауға келістік. Фильм Қазақстанда түсірілгендіктен, негізгі жүкті өзіме алдым, ал монтаждау жұмыстарында Лиза көмектесті», – деп түсіндірді режиссер Е.Нұрмұхамедов.

Фильм екі жыл бұрын түсірілгенімен, оның тұсаукесері пандемия салдарынан шегерілді. Жапондықтар «Барымташылардың» тұсауын кесіп үлгерген. Қазақстандық продюсер Юлия Ким бірлескен туынды күншығыс елінде жылы қабылданып, көрсетілім сәтті өтті дейді. 2019 жылы халықаралық тұсаукесер Азияның ең ірі кинофестивалінің XXIV Пусан халықаралық кинофестивалінде өткізілді. Биыл фильмді француз киносүйер қауымы көріп, американдық вестерн фильмдеріне ұқсастығын айтып, тек шығыста түсірілген, «дала вестерні» деген баға берген екен.

Туынды ауылдың жайбарақат тынысын әсерлі табиғат аясында бейне-

леп, осы бір мамыражай өмірдің сыр-қын бұзған оқиғадан бастау алады. Барымташылар айрандай ұйып отырған отбасының отағасын өлтіріп, ойран салады. Шытырман осы жерден бастау алады...

Көзге түсер артықшылық – актерлердің құрамы. Отағасы рөлін ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дулыға Ақмолда ойнаса, жесір қалған ана бейнесі Канн фестивалінде үздік актриса атанған Самал Еслямова арқылы ашылады. Жас актер Мәди Минайдаров әкесінен ерте айырылған баланы сомдап, оның көзімен оқиға желісін жеткізуге тырысқан. Сұхбат барысында француздық көрермендер жас жеткіншектің актерлік шеберлігіне тәнті екендерін жасырмады. Қазаки актерлер құрамына ерекше дем берген – Жапонияның танымал актері мен бишісі Мирай Морияма.

Картина идеясы қазақстандық режиссердің ойында бұрыннан болған, бірақ Канададағы фестивалде ғана өзіндей шығармашылық адамдарымен бөлісуге мүмкіндік туды.

«Фильмнің жеткізер басты ойы – Табиғат-Ананың мұнтаздай тазалығы мен әсемдігін көргенде адамзат тыныштық пен бейбітшілікте өмір сүруін тілегенімен, мұнда да қатыгездікке орын барын жеткізу», – деді қазақстандық режиссер.

Режиссер қазақстандық ауылдардың тынысын жіті білгендіктен, фильм кейіпкерлердің күнделікті өмір сүру қалпы мен ошақ қасы жағдайларын ерекше дәлдікпен көрсетеді. Мұнда адамдар жылдар бойы қалыптасқан тәртіп бойынша өмір сүреді, бұрынғы заманнан келе жатқан мотоцикл мен ескі генератор әлі күнге дейін қолданыста. Уақыт тоқтап қалғандай.

Жайбарақат тіршіліктің соңында жүрген жандар қайғы жамылғанда, бар ауыртпашылық жесір ананың мойнына ілінсе, үйдің үлкені – жас балаға ерте есеюге тура келеді. Кейіпкер жан-жағындағы құбылыстарды өзінше бақылап, түсіне алғанымен, әлі де оларға қалай жауап берерін білмейді. Сурет салуға икемі болғандықтан, іштегі жандүниесін ақ қағазға бейнелейді.

Мирай Морияма кейіпкері пайда болғаннан бастап, біз драмдан ақырындап вестернге көшеміз. Ат үстінде ойнайтын бейтаныс шын мәнінде жесір қалған келіншектің танысы екені белгілі болып, барымташылардан қорғар жалғыз үмітке айналады.

Жалпы, фильм жөнінде жапондық режиссер Лиза Такеба қызық пікірімен бөліскен еді...

«Фильмде отбасы өз отағасынан айырылады. Бұл маған Кеңес Одағының күйреген шағы мен Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қалай дамығанын еске салады. Басында біз фильмді түсіру идеясынан бас тартқымыз келді, алайда режиссер Ерланның жас-тарға деген жаңа көзқарасын байқадық. Жаңашылдыққа, жас ұрпаққа деген басқа, байыпты көзқарасы болды, сондықтан оның тәжірибесіне сүйене отырып, фильмді түсірдік», – деді Л.Такеба.

Ал Самал Еслямова картинаның басты мақсаты – адам бойындағы адамгершілікті бағалау деп біледі.

«Барымташылардағы» ең қиын миссия атақты жапон актері Мирай Мориямаға жүктелді. Себебі, актер бейтаныс елдің тұрғынын сомдауға, тілі мен ділі бөлек жердегі түсірілімге тез арада үйренісіп кетуге тура келді. Мирай асыраушысыз қалған отбасына көмектескен Қайратты ойнайды.

«Мен түсірілімге алғаш келгенімде қазақ тілінде бір ауыз сөз айта алмайтынмын. Сондықтан тілді бастан үйренуге тура келді. Кейде сөздердің мағынасын түсінбегенімен, рөлімді жақсы деңгейде сомдауға барынша тырыстым», – деді жапондық актер.

2021 жылдың басында картина Скандинавиядағы ең ірі кинофестиваль – Göteborg International Film Festival аясында көрсетілді. Сонымен қатар, фильм Гонконг, Прага, Барселона, Нью-Дели, Хельсинки, Торонто, Коттбус кинофестивальдерінің қатысушысы болды.

2021 жылғы 7 қазанда «Барымташылар» бүкіл Қазақстан бойынша TV+ сандық теледидарында эксклюзивті түрде көрсетіледі.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30



Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

